

## КӨКЕЙКЕСТІ



**АУЫЛДЫҢ  
ТЕҢ ЖАРТЫСЫ  
ТАРАУ АЛДЫНДА ТҮР**  
3-бет



**КҮЙКОВ  
КҮРСІНІП  
КЕТПЕДІ МЕ ЕКЕН?..**  
4-бет



5-бет

# БАЗЫНА АЙТЫЛДЫ. БАҒА БЕРІЛДІ.



*Ел алдында есеп беру кезеңі Кеңгір селосының әкімі Қанағат Жанпейісовке жетті. Мәдениет үйінде өткен жиынға Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров, қала прокуроры Асылхан Әділханов қатысты. Есептік кездесу жылдағыдай бір сарында өрбіді, арасында бірен-саран ауыл тұрғындары қылаң бергені болмаса, оған жиналған жұртшылықтың да дені атқамінерлер.*

тарына сай халықтың өзі сайлайтыны айтылды. Қай адам туған жерінің, өскен ортасының түлегенін қаламайды дейсіз?! Сауалдарын лек-легімен ақтарған тұрғындар қызды-қыздымен Кеңгірді аудан орталығына айналдыру мәселесін де қозғады. Бұл орайда Кеңгір ауылының бюджеті алдағы жылдары артпаса кемімейтіні, болашақта мұнда атқарылатын игі істің орасан екені тілге тиек етілді. Оның ішінде қоқыс өңдейтін зауыт салу, газ тарту, жастарға спортпен шұғылдануға, бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасау мақсатында ілкімді жобалар іске асыру жоспарлануда. Одан бөлек тұрғындар бос тұрған үйлерді иесіз деп танып, аз қамтылған, көп балалы отбасыларды үлестіру мәселесін де көтерді. Бұл мәселеге байланысты ауыл әкімі Қанағат Жанпейісов Школьная, 26 мекенжайынан 6 пәтер иесіз деп танылып, соттың шешімі шығарылып, қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі

да болуда. Осыған орай жауаптылар оған дейін ауыл тұрғындарына үй құжаттарын тастай қылуды тапсырды. Бәрін айт та бірін айт, тұрғындар ауылдан қалаға қатынайтын №98 бағыттағы автобустың жырын айтты. Аптаның жеті күнінің алтауын күйбең тірлікпен өткізетін жұртшылық бір күн демалысында балаларын қалаға қыдыртқысы немесе керек-жарағына барғысы келеді. Алайда, бұл бағытта қатынайтын автобус жексенбі күні белгісіз себептермен өзін демалыс жариялап, жұрметті көрінеді. Мұндай мәселенің туындағанынан мүлдем хабарсыз екенін айтып аң-таң болған қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов мән-жайды анықтауға уәде берді. Бөлім басшысының таңданысына күмәнмен қараған халық та жарты жылдан бері бұл мәселені айтып та, әлеуметтік желілер арқылы жазып та жүргендерін жарыса жеткізді. Жыныда мал жайылымы мәселесі де сөз болды. Жыл өткен сайын мал бағатын жерлердің қаттығын айтқан жұртқа қала басшылығы да мал ұстайтын ағайынға шаруа қожалықтарын құру арқылы шаруаларын дөңгелеуге кенес берді. Ол үшін қаланың маңайынан арнайы жер де бөлінетіндігі айтылды.

Тараптар талқысы соңында ел ауыл әкімінің жұмысына оң бағасын берді, билік те бұқараның базынасын байыппен тыңдап, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ, тарқатылмайтын түйіннің болмайтынын қаперге салды.

Меруерт НАУРЫЗБАЙ.



денгейінде зерттеліп жатқанын, қажетті құжаттар қолға тиген соң жобалық-сметалық құжат түзу мәселелері қаралатынын жеткізді. Одан бөлек әкім Қайрат Әбсаттаров жауаптыларға осы мәселеде халықтың талап-арызы ескерілуін қатаң қадағалауды тапсырды.

Биыл Кеңгір ауылының әкімі жаңадан сайланады. Осыған байланысты тұрғындар «әкімді билік пе әлде бұқара ма сайлайтын» деп сауалды төтеннен бірақ қойды. Әрине, тұрғындардың ауылға осы жерден шыққан, тыныс-тірлігін, мұң-мұқтажын жақсы білетін маманның келгенін хош көретіні әңгімелерінен айқын аңғарылды. Сондықтан да әкімді сайлаудың барлық талап-

және автокөлік жолдары бөліміне берілгенін айтты. Енді аталмыш бөлім әрі қарай заң шеңберінде тиісті шараларды қолға алатын болады. Бұл процестің өзі екі-үш жылға созылатынын айтқан әкім басқа бос тұрған үйлерге де осы тәжірибе қолданылатынын жеткізді. Талапқа жеткен газдың игілігін кеңіріліктер де көргісі келеді. Бірақ оған дейін қала ішіндегі орамдар мен ықшамаудандар, маңайындағы ауылдар қамтылатындықтан, Кеңгір ауылының тұрғындарына көгілдір отынның рахатын көру бақыты 2025 жылдарға қарай бұйырмалар. Көп үйдің құжатының дұрыс болмауы салдарынан, барлығын бірдей газ жүйесіне қосу жұмыстарында іркіліс пай-

*15 ақпан – Кеңес әскерлерінің ауған жерінен шығарылып, туған елдеріне оралған күні. Не десек те, бұл күннің қадірін майдан даласына аттанып, өмір мен өлім арасында тайталасқа түскен жауынгерлерден артық түсіне алмасмыз ақиқат. Ендігі қолымыздан келері – батырларымызға құрмет көрсетіп, бейбіт күннің қадірін арттыру, жас ұрпақты азаттықты бағалауға тәрбиелеу.*

## ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ



Сарыарқа аймағынан орта шығыс еліне 112 жезқазған-дық жауынгер аттанған. Соғыс алаңында Асылбек Мамажанов, Виктор Тарадай, Фибадат Құтыбаев, Манарбек Сансызбаев, Николай Морозов ерлікпен қаза тапты. 22 ауған соғысы ардагері елге оралғаннан кейін қайтыс болды. Бүгінде 85 ардагер қалды. Олардың ішінде соғыс дала-сынан жүрегі мен тәні жараланып келгендері қаншама?!

Жыл сайынғы дәстүрге сай ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш алаңына қала әкімі Қайрат Әбсаттаров пен мәслихат хатшысы Әбдрахман Досанов, «Ауған соғысы ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ақылбек Аманов, өзге де құрметті қонақтар, соғыс ардагерлері және қала қонақтары

қатысып гүл шоқтарын қойды. Соғыс құрбандарын бір минуттық үнсіздікпен еске алған жұртшылыққа, соның ішінде ауған соғысы ардагерлеріне қала басшысы Қайрат Әбсаттаров ыстық ықыласы мен алғысын білдіріп, жас күнде бірге жүрген ержүрек замандастарына зор денсаулық, отбасыларына аман-дық тіледі.

Одан әрі Ресейде жасалған «Афганская слава» медалін соғыс ардагерлері Дәулет Әлібековке, Вячеслав Жарковқа және Жолдасбек Оразбаевқа табыстады.

Шара барысында жиналғандар ауған соғысының жауынгерлеріне ризашылық лебіздерін білдіріп, қошемет көрсетті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## БАСПАСӨЗ-2022



### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз. Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы (87778902258, Жаннұр Т.) «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекенжайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы

## АҚПАРАТ АРНАСЫ

## Қарағанды облысында заңсыз майнингтік ферма анықталды

Қарағанды облысында заңсыз майнингтік ферма анықталды. Қаржылық мониторинг агенттігінің өңірлік департаменті «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының электр желісінен сағатына 6 Мвт энергия алу жөніндегі заңсыз техникалық рұқсат берілгенін ашықталады.

Мұнда 40 тонналық 4 контейнер жұмыс істеген. Оларда барлығы 1173 қондырғы болған. Фермадағы техникалық жабдықтардың жалпы құны 2,5 миллиард теңгеге бағаланған. «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының басқарма төрағасы Әлнұр Баймолдинова қатысты қызметтік мүмкіндігін асыра пайдаланды деген күдікпен сотқа дейінгі тергеу басталды.

## «Күміс жас»:

## Зейнет жасына жақындағандарды жұмыспен қамту жобасы іске асырылады

Зейнет жасына жақындағандарды жұмыспен қамту жобасы іске асырылады.

Жыл сайын 5 мың адамға қолдау көрсетіледі. Оларға берілетін жалақының тең жартысын 1 жыл мемлекет өтейді. Ал кәсіпорындарға қойылатын талап – қосымша жұмыс орнын ашуы қажет. Аталған санаттағы азаматтардың саны бүгінде 1 млн-ға жуықтайды. Қатарында қызметсіз жүргендер мен бейресми түрде еңбек ететіндер бар. Енді барлығы жұмыспен қамтудың арнайы порталына тіркеліп, екі колға бір күрек таба алады. Жоба «Күміс жас» деп аталады. Екінші шарт субсидияның мөлшері 30 АЕК-тен көп болмауы тиіс. Егер жұмыс беруші жаңа қызметкерге 200 мың теңге жалақы берсе, мұның 90 мың теңгеден астамы бюджет есебінен субсидияланады. Және одан кейінгі шарты 12 жалақысының субсидияланатын мерзімі өткеннен кейін жұмыс беруші осы азаматты өзінің мекемесіне тұрақты жұмысқа алуға міндетті.

## Ресейдегі жетекші техникалық университеттердің филиалдары Қазақстанда ашылады

Ресейдегі жетекші техникалық университеттердің филиалдары елімізде ашылады.

Қазақстан мен Ресей президенттерінің кездесуінде бас-аяғы 11 құжатқа қол қойылса, оның басым бөлігі – білім саласына бағытталды. Осылайша алысқа бармай-ақ елімізде техникалық мамандықтарды даярлауға мүмкіндік туады. Мұнымен қоса «Болашақ» бағдарламасына ресейлік университеттер де қосылады. Демек, жастардың жан-жақты білім алуына бар жағдай жасалып жатыр. Бұл елдегі маман тапшылығы проблемасын түбегейлі реттеуге сеп дейді сарапшылар.

## Аз қамтылған отбасылар пәтерақыға мемлекеттік төлем алу үшін 5 сәуірден бастап өтініш береді

Аз қамтылған отбасылар пәтерақыға мемлекеттік төлем алу үшін 5 сәуірден бастап өтініш береді.

Құжаттар электронды цифрлы қолтаңба арқылы тек онлайн қабылданады. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің хабарлауынша қазір жоба әлі әзірлік үстінде. Оған сай мұқтаждарға пәтеракысының жартысын төлеп беру көзделген. Қалған 50 пайызын жалға алушының өзі төлейді.

Бірақ мұндай қолдау барлығына бірдей бұйырмайды. Тек баспанаға мұқтаж ретінде үй кезегінде тұрған: көпбалалы отбасылар, 1 және 2 топтағы мүгедектер және мүмкіндігі шектеулі бала асырап отырған немесе толық емес жанұялар ғана жәрдемге үміт арта алады. Өрі отбасының табысы жан басына шаққанда 36 мың теңгеден аспауы керек. Елімізде мұндай 70 мыңдай азамат бар.

Материалдар ұлттық арна сайтынан алынды.

Өткенде ғана үй-күйсіз қалған жандарға алғашқы болып қол ұшын созатын өмірлік қиын жағдайда қалғандарды бейімдеу орталығының негізгі міндеті туралы хабарлаған едік. Үйіміздің маңын тазалап жүретін аула сыпырушымен тосыннан болған әңгіме барысында, өзінің қиын жағдайға тап болғанда осы орталықты паналауға мәжбүр болғанын, жұмыспен қамту орталығы мамандарының көмегімен жұмысқа орналасқанын біліп қуанып та қалдық. Дегенмен, одан алдағы уақытта сол бейімдеу орталығының жабылаы деп жаттыр екен деген мағлұматты естіп, мән-жайды анықтамақ мақсатта басыларымен кездесуге бардық.

## ҮЙСІЗДЕР ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Әдебиет айдынына бір адамдай қаныққан, ұлтының мәдениетін ардақ тұтатын орталық басшысы Жақып Аймырза әңгіме барысында көп қала тұрғындарының бейімдеу орталығы мен түне-меліктің қызметін шатастыратынын айтты. Оның сөзінше, Жезқазғанда түне-мелік жоқ. Түне-мелік мекеме үй-күйсіз дала кезген жандардың тек түнгі уақытта ұйықтайтын жер табуына ғана жәрдемдеседі. Басқаша тамақ, киіммен қамтамасыз етуге құқықтары жоқ. Ал оңалам деген ойы барларды бейімдеу орталығы қарауына алады. Уақытылы тамағын әзірлеп, киім-кешек ұсынып, түрлі танымдық-тәрбиелік шаралар өткізіп, денсаулығына ем көрсететін орталықтың еңбегін бағалаушылардан көрі, сынаушылар қатары көп. Бұған қызмет алушылардың таңертең тамағын ішіп алып, әлденіп, ары қарай ескі едетіне салып қоюсыз кейбір нәрілерін ақтаруға кететін жан-жануарлар да себеп болып отыр. Заң бойынша оларды 6 ай күтіп-баптап, жөн сілтеу-

ге міндетті орталық кетем деп желінін түзелуге құлықсыз тұрғындарын күшпен ұстап тұра алмайды.

Енді бастапқы мәселеге оралсақ. Қанша жерден қаңғыбас болып, арам судың қалына айналса да, олар да адам екенін естен шығармағанымыз жөн. Орталық жабылатыны рас болса, мұндағы тұрғындардың жайы не болмақ?

Бұл сұрағымызға жауап берген орталық басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Ермек Жақыпов көпбейінді аурухананың артқы жағында орналасқан ғимаратты облыстық денсаулық сақтау басқармасынан жалға алып отырғандықтарын жеткізді. Алдағы уақытта өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды бейімдеу орталығының орнынан 20 орынға шақталған онкологиялық диспансер ашылмақ. Биыл – қала тұрғындары көптен күткен қуанышты жаңалық. Себебі енді қатерлі ісік ауруына шалдыққан жандар облыс орталығына сабылмай,

қаланың өзінде емделу мүмкіндігіне ие болмақ.

Жезқазғанға онкологиялық орталық керектігі туралы бірнеше жылдан бері көтеріліп жүрген мәселе. Облыс әкімінің былтырғы мамыр айының соңындағы мысты шаһарға жұмыс сапары барысында аталған шаруа нақтыланып, жоба сметасы әзірленетіндігін айтқан болатын. Міне, бұл мәселе биыл оң шешімін таппақ. Қазіргі таңда орталыққа білікті мамандар тарту шаралары да қызу жүріп жатыр.

Оған қоса, мұндағы тұрғындар жайы не болмақ? Бұл мәселе әлі де қаралатынын, алдағы екі айда аурухана қалашығындағы наркология бөлім бөлім ғимаратына уақытша қоныстана тұратындықтарын айтқан Ермек Жақыпов басшылар тарапынан мәселе түйінді шешуісі қалмайтындығына сенім білдірді.

Бұл жауапты естіп біздің де көңіліміз жайланғандай болды. Еске сала кетсек, бейімдеу орталығында 19 маман қызмет етеді. Бүгінде 30 қызмет алушы бар.

## «OPEN SPACE» ФРОНТ-КЕҢСЕСІ ҚАЙТА ЕСІГІН АШТЫ

Жаңаша жабдықтаумен пайдалануға берілген аталған кеңседе қала әкімі мен оның орынбасарларының тұрғындарды онлайн режимде қабылдауына да жағдай жасалған.

Мұнда қала әкімі аппараты мемлекеттік мекемелердің мамандары тұрақты негізде халықпен тікелей жұмыс істейтін болады. Ашық кабинеттер қызметкерлердің жұмыспен қамтылуын бақылауға және қарым-қатынастың қарапайымдылығын тудыруға мүмкіндік береді. Үй-жай ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған лифтімен жабдықталған.

«Open space» фронт-кеңсесінде азаматтарға коммуналдық қызметтің 9 түрі ұсынылады. Яғни, бұдан былай электр желілеріне қосуға, ыстық, суық суға, жылытуға техникалық шарттар, сыртқы электрмен жабдықтаудың жобалары мен бір желілік схемаларын келісу, елді мекен шегінде объектілер салуға жер учаскелерін бөлуге қорытындылар, берешектің жоқ екендігі туралы анықтамалар, габаритті емес қоқысты

шығару бойынша өтінімдерге осы кеңсе арқылы қол жеткізуге болады.

Аталған қызмет түрлері қала әкімдігінің «Казэнергоцентр» ЖШС, «Kazakhstan Distribution» ЖШС, «Жылумен сумен жабдықтау кәсіпорны» ЖШС, «Сат Тазалық» ЖШС кәсіпорындарымен жасалған меморандум аясында жүзеге асырылады.

Оған қоса, денсаулық сақтау, жылжымайтын мүлік, әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы 22 түрлі электронды анықтамалар қызметі де ұсынылады. Сонымен қатар электрондық мемлекеттік қызметтерді алу бойынша тегін оқу да қолжетімді.

Уақытты үнемдеп, қажетті құжаттарды жинауды жеңілдету мақсатында жұмыс істейтін кеңсе – сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың бірден-бір жолы.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## ГАЗЕТ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ ЕДІ

## ЗАҢҒА СӘЙКЕС ЖЕКЕШЕЛЕНБЕЙДІ

Аймақтық «Сарыарқа» газетінің 28 қаңтардағы №3 санында «Ұлытауда тағы да үй дауы» деген тақырыпта мақала жарияланған еді. Мақалада Ұлытау селосының Жамбыл көшесі, 16а үйдің тұрғындары көп балалы аналарға берілген пәтердің не себептен жекешелендірілмейтін, үйдің салыну сапасы мен жылуына қатысты бірқатар мәселелерді көтерген еді.

Осыған орай Ұлытау аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Бахтияр Пардабеков төмендегідей жауап жолдады:

«Газетте көтерілген мәселеге орай тұрғындардың назарына мына жайттарды ерекше ұсынамыз.

Біріншіден, аталмыш тұрғын үй Тұрғын үй-коммуналдық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында сатылып алынған.

Осыған байланысты «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 13-бабы, 7-тармақшасына сәйкес

берілген пәтерлер жекешелендіруге жатпайды.

Екіншіден, үйге арнайы жылыту қазандығы салынған. Қазандық газ сақтайтын 20 кубтық резервуармен, табиғи газ тұтанатын 2 жезулы қазандығымен, 2 су сорғымен (негізгі және резервтік), су қорын жинайтын резервуармен, автоматтандырылған басқару пультімен, авариялық жағдайда қосылатын электр қозғалтқыштармен жабдықталған. Бүгінгі күні газ Ұлытау аудандық ТКШ, ЖК, АЖ және ТҮИ мекемесі арқылы қамтамасыз етілуде. Жылу тұрақты беріліп тұр.

Орайы келгенде айта кетейік, 2021 жылы Ұлытау селосы, Жамбыл көшесі, 16а мекенжайында 3 қабатты, 24 пәтерлі үй бой

көтерді. Оның құрылыс жұмыстарын «Сары-Арқа» ЖШС компаниясы жүргізді.

Аталған көп қабатты үйді, «Тұрғын үй-коммуналдық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында ұлттық қордың және облыстық бюджеттің есебінен Ұлытау ауданы ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮИ бөлімі ашық конкурс арқылы сатып алу жұмыстарын жүргізді. Баспананы берудің нысаналы мақсаты – Ұлытау ауданы бойынша көп балалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету.

2021 жылдың 15 желтоқсандағы «Тұрғын үй комиссиясы» отырысының №1 хаттамасына сәйкес, 24 отбасыға бөлінген, оның ішінде 17 отбасы әртүрлі себептен үйден бас тартты. 2022 жылдың 5 қаңтар күні өткен комиссия отырысында, кезекке жаңадан тұрған отбасыларға бөлінген. Қазіргі таңда жоғарыда аталған үйде 11 отбасы тұрады», – делінген жауап хатта.

## БАҒАНЫ НЕГІЗСІЗ ӨСІРУГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Қала әлеуетін арттыруда жеке кәсіпкерлікті дамытудың маңызы айрықша. Мысты шаһардағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 6020 бірлікке жеткен. Яғни, жеке кәсіппен 14,4 мың адам айналысады. Бұл – жұмысқа белсенді жезқазғандықтар үлесінің 32 пайызының жеке кәсібі бар деген сөз.

Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Данияр Арынғазиннің айтуынша, жалпы өнеркәсіп көлемі 711,7 млрд-қа артып, 13,5 пайыз өсім болған. Қала кәсіпорындарынан түскен қаржы көлемі 42,6 млрд-ты құраған. Оның ішінде 8,4 млрд-ы ауыл шаруашылығына тиесілі.

Көрсеткішті сандармен сөйлеткенде ауыз толтырып айтылғанымен, қаладағы кәсіпкерліктің деңгейі дүкен мен тойхана салудан әріге аса алмай тұрғаны белгілі. Азық-түлік дүкені қай кезде де артық етпесі анық. Дегенмен, олардағы халық қалтасын қағып жатқан бағаның үстемдігі көпті қынжылтпай қоймайды. Осы тұста «Баға тұрақтылығы бақылау ма?» деген «Подобности» газетінің тілшісі Юлия Висоцкаяның сауалына Данияр Арынғазин әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына қосылатын баға 15 пайыздан аспауы қажеттігін, «Самади», «Самаз», «Органик», «Ақтоты», «Ақцент» сынды сауда желілерінде бұл көрсеткіш 6-7 пайыздан артағанын жеткізді. Дегенмен, шағын азық-түлік дүкендеріне бақылау жүргізу қиын секілді. Бағаны шарықтатып қоятын мұндай дүкендердің аз емес екенін бөлім басшысы да тілге тиек етті. Әйткенмен, «Оларға қандай шаралар қолданып жүрсіздер?» деген сұрағымызға, алдымен, түсіндіру-ақпараттандыру жұмыстары жүргізілетінін, одан пайда болма-са, құқық қорғау орындарының көмегімен айыппұл салынатындығы айтылды. Десе де, былтыр айыппұл ақралаған бірде-бір кәсіпкер болмаған.

Осы тұста әлеуметтік маңызы бар тауарларға I сортты бидай мен бидай наны, өлшеніп салынатын макарон өнімдері, қарақұмық жәрмасы, тазартылған күріш, картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат, қант, күнбағыс майы, сныр еті, тауық еті, жұмсақ қаптамадағы майлылығы 2,5 пайыздық пастерленген сүт және айран, сары май, I санатты тауық жұмыртқасы, ас тұзы, майлылығы 5-9 пайыздық сүзбе жататынын айта кеткен жөн.

Қазіргі таңда қаладағы «Ұлы дала» минимаркеттерінде бөлке нан бағасы 70 тг-ден, «Органик»

пен «Ұлытау Нан» желілерінде 80-85 тг-ден сатылуда.

Азық-түлік дүкендеріндегі тауарлардың сәредегі бағасы мен кассаға апарғандағы сомасы екі түрлі болып шығатын жағдайларға да жиі кездесеміз. Мұндайда тұтынушы сәредегі бағамен төлеуі қажет. Бұл туралы толығырақ тұтынушылардың құқығын қорғау комитетіне хабарласып, нақты ақпарат алуға болады.

Жезқазған аймағында сүт өнімдеріне, жеміс-көкөніске тапшылық мол. Сол себепті Данияр Арынғазин жеке кәсіппен айналысқысы келгендерге аталған салалардың көзін табуға кеңес берді. Мысалы біздің аймақта аса қажетті көкөністер тек жылы маусымдарда ғана сатылымға шығады. Қысқы мерзімде он-түстік өңірлердің өніміне иек артамыз. Сүт өнімдерін шығаратын «Сүт жағасы» ЖШС-нде де қысқы уақытта өнім азаяды. Оған мұндағы сапалы сүт өнімдерін ұсынатын ірі қара малының аздығы да себеп болып отыр.

Жыл сайын ішкі саясат бөлімі, жастар ресурстық орталығы және кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұйымдастыруымен «Ең үздік бизнес жоба» байқауы ұйымдастырылады. Ілкімді идея авторларына 600 мың-1,5 млн теңге аралығында гранттар беріледі. Кәсіпке икемі бар жастарға қолдау көрсеткен жөн-ақ. Дегенмен, грантты қалтасына басып, ары қарай ұшты-күйлі жоғалғандарды да көзіміз көріп жүр. Осындайда мемлекет қаржысын шын кәсіп ашуға ниеттілер емес, көрінген көк атты жүгендеп кететініне қапа болмау мүмкін емес. Қай нәрсенің де сұрауы бар емес пе?! «Грант алғаннан кейінгі жағдай кімнің бақылауында?» деген сұраққа Данияр Арынғазин бұл жобаны тікелей ішкі саясат бөлімі бақылайтынын, соған сай жас кәсіпкерлердің қаржыны игеруіне осы бөлім мониторинг жасауы қажеттігін айтты. Аталған бөлім бұл іске ықылас танытпаса, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі де мән-жайды анықтауға құқылы. Өзірге мұндай ақпарат анықталмағанын жеткізген Данияр Арынғазин алдағы уақытта бұл іске де аса ден қоятынына сендірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН


## ТҮБІРТЕК ЕНДІ КЕЛМЕЙДІ

Ақпан айының басында Сәтбаев қаласының Абай көшесі, 7/1-үйінің 28-пәтер тұрғыны Елеусіз Байгожанова деген кісі редакциямызға хат жолдап, белгісіз қарыздың пайда болғанын, ай сайын «Қарызыңызды төлеңіз» деген түбіртектің мазасын қашырғанын айтып, анық-қанығын ажыратып беруге көмек сұраған еді.

Осы орайда «Сарыарқа» газетінің 4 ақпан күнгі №4 санында «Төтеннен келген қарыз табанымнан тоздырды» деген мақала жарияланған болатын. Аталмыш мақалаға орай Сәтбаев қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Жадыра Сейілова төмендегідей жауап жолдады:

«Газетте көтерілген мәселені сараптап келіп мына жайттарды анықтадық. Қарыз өндіруші «Каусар-7» пәтер иелері кооперативінің басшылығы аталған пәтер бойынша қарыздарды шегергенін, ол жайында пәтер иесіне арнайы анықтама да бергенін айтты. Бірақ, қарыз толық тоқтатылғаны жайлы операторлық орталыққа хабар берілмеген. Осының салдарынан қарыз сомасы көрсетілген түбіртек ай сайын келіп тұрған. ПИК төрағасы 14 ақпан күні орталыққа қарыз жабылғандығы жайлы хабарлама түсірді. Енді, пәтер иесін түбіртек мазаламайтын болады», – делінген жауап хатта.

**Әли БЕКТАЕВ,**  
**ҚР Парламенті Сенатының депутаты**



Одан кейін өндірген заттың сатылуына қолдау көрсету керек. Шығарған заттың сата алмаса одан не пайда? Сондықтан мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың сатып алу жүйесі «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының қатысушыларымен тікелей байланыстырылып, олар тек отандық өнімді сатып алуға мүдделі болуы шарт.

Кластер жүйелерінде қолға алуға болады. Қайта өңдеу саласының ірі мекемелері өздері импорттайтын заттардың жергілікті жерде өндірілуін қолға алуы керек. Қажет болса ақша бөліп маңындағы елді мекендердің тұрғындарын сол өндіріске икемдеуі қажет. Жалпы, отандық өндірістің кез келген түрі жақсы. Ал азық-түлікке келетін болсақ, олардың көптеген түрлері бойынша тәуелділік мәселесі шешілген. Тек құс еті мен сүт өнімдері бойынша көлем жетіспей тұр. Тиісті бағдарлама бар, алайда қарқын төмен болып тұр.

**– Ауыл шаруашылығы үшін ең өзекті мәселенің бірі субсидия екені белгілі. Бұл қаржыны алушылардың қатарында оған ишын мұқтаж шаруалар аз. Жалпы, осы қаржының бөліну тетігі дұрыс па? Оның тиімділігіне қалай қол жеткізуге болады деп ойлайсыз?**

**– Әли Әбдікәрімұлы, Мемлекет басшысы бивығы Парламентте жасасан мәлімдемесінде ауыл шаруашылығын қайта құру, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде айтты. Мәселенің бұлай қойылуы нәтиже деп ойлайсыз? Осыған дейін жүргізілген реформалардың бәрінің дұрыс болмағаны ма?**

– Әрине, ол реформалар түк бермеді деп айтуға болмайды. Біріншіден, ауыл шаруашылығы мемлекеттің жетегінен толық шығып, тиімді агробизнеске айналды. Саладағы адамдар жеке кәсіпті игеріп, нарықтық экономиканың қатал тәртібіне дағдыланды. Біле білгенге бұл үлкен өзгеріс. Екіншіден, қаржылық кооперативтер, асыл тұқым палаталары сияқты тәуелсіз институттар дами баста-

Жауын-шашын сиреп, құрғақшылық белең алуға. Осының барлығы шаруаларды қолдау қажет екенін көрсетеді. Өкінішке орай, ауыл шаруашылығын қолдауға бөлінетін қаражат жеткіліксіз. Бүгінгі күні субсидия ретінде беріліп жатқан ақша АӨК-ің ішкі жалпы өнімінің 4 пайызын ғана құрайды. Бұл дамыған мемлекеттермен салыстырғанда 2-4 есе кем. Сондай-ақ, екінші деңгейдегі банкілердің инвестициялық жобаларды қаражаттандырудағы қарқыны өте төмен. Салаға несие ретінде 2 трлн теңге керек. Мемлекеттік қаржы институттарынан бөлінетіні соның бестен бір бөлігі ғана. Ауылдардың болашағы бұлыңғыр болып тұрғаннан соң ондағы бар мүлктің кепілдік құны төмен. Жекеменшік банкілердің агробизнесіне инвестицияларды қашатыны сондықтан.

# Ауылдың тең жартысы тараудың алдында тұр

ды. Лизинг, сақтандыру, кепілдеме сияқты қаржы құралдары енді. Пандемия кезінде біраз мемлекеттерде сөрелер босап қалғанда, Қазақстанда азық-түлік тапшылығы сезілген жоқ. Соның өзі үлкен жетістік. Әрине, қазіргі жағдай халық ойлағандай деңгейде емес. Аграрлық сектор әлі де проблемалы көп сала ретінде қалып отыр. Біз өзіміз шығаратын өнімдермен өзімізді толық қамтамасыз ете алмай келеміз. Өндірілген өнімнің тек 40% ғана қайта өңделеді. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауда қыруар кемшіліктер бар. Антикордың берген соңғы есебінің өзі мемлекеттік қолдау тетіктерінде күйтырқы тұстарының көптігін көрсетті. Дегенмен де, көш жүре түзеледі демекші, соңғы 30 жылда ауыл шаруашылығы саласын дамыту 2003-те «Ауыл жылдарын» жариялаған сәттен бастап қана нақты қолға алына бастады. Алдағы уақытта цифрландыруды енгізу арқылы мемлекеттік қолдау тетіктерінің коррупциялық тәуекелдері жойылса, көп нәрсе өзгертетін болады деген сенім бар.

**– Жалпы, ауыл шаруашылығының басты мәселесі не деп ойлайсыз? Нәтиже мал өнімдерін өндірудің, егін салудың атадан балаға жеткен дәстүрі бола тұра бұл сала кері кетті?**

– Басты мәселе ауыл инфрақұрылымының нашарлауында. Ауыл шаруашылығы – бейнеті көп, ауыр сала. Соған шыдап, тынымсыз еңбектеніп жатқан адамдардың тұрмысы нашар болса, әлеуметтік қажеттілігі сапалы деңгейде шешілмесе, ауылда кім қалады? Қазірдің өзінде жұмысшы табу қиын. Ауыл шаруашылығын дамыту барысында ауыл инфрақұрылымын (су, жол, жылу, білім мен денсаулық саласы) жақсарту шаралары қатар жүруі тиіс. 6300 ауылдың тең жартысы жабылуға жақын тұр. Бізде ауыл шаруашылығы экстенсивті жолмен дамып келеді. Маида шаруашылықтардың саны көп. Оларда жаңа технологияларды пайдалану деген атымен жоқ. Кооперацияға біріктіру тетіктері жетілмеген. Мемлекеттік қолдаудың, бөлінетін жеңілдетілген несиелердің 5 пайызы ғана соларға тиесілі.

**– Қаншама бағдарлама қабылданды. Олар неге нәтижесіз бермеді? Бұл қаржыландырудың жеткіліксіздігінің немесе мамандар біліктілігінің төмендігінен бе?**

– Біріншіден, аграрлы саясатта тұрақтылық жоқ. Министрлік бірде сыртқа экспорттаймыз деп, осы мәселені басты мақсат тұтты. Одан соң оны жоққа шығарып, жеке қосалқы шаруашылықтар кооперативіне басымдық берді. Ішкі нарықты толтыруға бел буды. Мұнда үлкен билікті айыптай алмаймыз, себебі, сала бойынша берілетін нақты ұсыныстар орталық атқарушы органдардың құзырында. Үкімет қажетті қаражаттың барлығын мүмкіндігіне қарай беріп келеді. Кейбір жылдары тіпті Ұлттық қордың ақшасын да бөлген еді. Олар министрліктің берген тұжырымдамаларының бірде-біреуінің бетін қайтармады. Енді міне агро-саясаттың тұрақсыз болуынан Президентіміздің өзі араласуына тура келді. Бюджеттен бөлініп жатқан ақшаға кешенді тексеріс өткізу бойынша сыйбалас жемқорлықпен күрес ұйымына берген тапсырмасы да осыдан туындайды. Жалпы, агро-саясат ең осал тұстарды тауып, ең алдымен соны шешуге тікелей бағытталуы тиіс. Азық-түлік бағасының қолжетімді болуы, субсидиялардың көмегімен нақты мұқтаждарға берілуін қамтамасыз ету сияқты мәселелер шешімін табуы керек. Екіншіден, Қазақстан табиғи тәуекелді жағдайлары көп аймақ. Оның үстіне су ресурстары азайып барады.

**– Сарапшылар бағдарламалардың ғылыми негізсіз жасалатындығын айтады? Осы тұжырыммен келіссіз бе?**

– Жобалар ғылыми негізсіз жасалды деп айту қиын, себебі, кез келген бағдарлама жобасына Ауыл шаруашылығы министрлігінің ведомстволық құрылымдары талдау жасайды. Ал олардың ішінде Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы бар. Талқылауға осы мекемеге қарасты 23 ғылыми мекеме қатысады. Менің ойымша, мәселенің барлығы жасалатын талдаудың сапасында! Сараптама нақты әрі шынайы экономикалық есептерден құралғаны абзал. Қазірдің өзінде «өзіндік құн» деген түсінік тіпті ұмытылды. Субсидия бағыттары мен мөлшерлерін анықтау барысында осы маңызды параметр ескерілмей жатады. Нәтижесінде дотация алмай-ақ жұмыс істей алатындар мемлекеттік қолдауға ие болып жатады, ал нағыз мұқтаж жанрлар, әдетте бұл кіші шаруашылықтар, керісінше ала алмайды.

**– Ауыл банкісін ашу туралы мәселе сан рет көтерілді? Сіздіңше мұндай құрылымның болуы қажет пе? Егер солай болса, оның ашылуына не кедергі?**

– Мемлекеттік агробанк салаға өте қажет. Бұл мәселені қайта көтеруге тиіспіз. Ауыл шаруашылығы субъектілері өз айналымындағы қаражаттары мен тапқан пайдасын екінші деңгейдегі банкілерге беріп жүр. Менің есебім бойынша, фермерлердің депозиттегі қаражат көлемі кем дегенде 1-2 трлн теңгеден асып жығылады. Ал екінші деңгейдегі банкілер болса, бұл қаражатты ауыл шаруашылығы емес, басқа салаларды қаражаттандыруға жұмсап отыр. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту үшін инвестиция тапшы болып отырғанда мұндай мүмкіндікті қалт жібермей, пайдалану керек. Мемлекеттік аграрлық банк өз пайдасын 280 мыңға жуық фермерлерге қасалық қызмет көрсету арқылы ғана таба алады. Осының арқасында инвестициялық жобалар мен несие ретінде берілетін қарыздың сыйақы мөлшерін тағы да төмендетуге болар еді. «ҚазАгро» холдингі жабылып, оның еншілес ұйымдары («Бәйтерекке» берілсе де, қаражат мәселесі әлі де шешілмей тұрғанын мойындауымыз керек. Әрине, аграрлық банк ашуға байланысты қаржы мамандарының айтарғы бар шығар. Солармен үстел басына қайта жиналып, бұл мәселені тағы бір мәрте талқылау керек.

**– Елімізде суармалы жерлердің толыққанды пайдаланылмай отырғаны жайлы депутаттар талай рет мәселе көтерген еді. Өкінішке қарай, бұл үкіметтің назарына тыс қалып отыр. Сырттан келіп жатқан талай өнімнің өзімізде өндірілуіне мүмкіндік беріп қана қоймай, қаншама жанды жұмыспен қамтитын осы ресурс нәтиже көздеге жасартылмай отыр? Мұның сыры неде деп ойлайсыз?**

– Расымен де, Қазақстан суармалы жерлерді тиімді пайдаланса ауыл шаруашылығының ішкі жалпы өнімін кем дегенде 2 есеге көтеруге болар еді. Осы орайда, бау-бақша мен жүзім өндірісінен мысал келтірейін. Қазақстанда жеке қосалқы шаруашылықтарды есептемегенде жеміс өндірісі 40 мың гектар алқапта ұйымдастырылған. Жылдық өндіру көлемі 300 мың тонна. Өнімділігі әлемдік деңгейден бірнеше есе төмен, гектарынан бар-жоғы 7-8 тонна. Бұл саланы қолға алып, мемлекет тарапынан сәл демеп жіберсе, осы алқаптың өзінен-ақ 1 млн тонна жеміс алуға болады. Мұнымен қоса 1 гектардан алынатын кіріс деңгейін 200-400 доллардан 10 мың долларға дейін жеткізуге болады. Яғни, Пре-

зидент тапсырмасы орындалып, еңбек өнімділігі еселеп көтеріледі деген сөз. Жүзім өндірісін, тіпті, мақта саласын әртараптандыру құралы ретінде пайдалануға толық негіз бар. Құнарлылығы төмен деген топырақтың сапасын жақсартып, тағы бір алаңдататын мәселе – су тапшылығы. Суармалы алқаптардың төрттен үш бөлігі еліміздің оңтүстік аймақтарында орналасқан. Ол жерде негізгі пайдаланатын су ресурстары – трансшекаралық өзендер. Көрші мемлекеттер су жіберу көлемін жыл сайын азайтып жатыр. Бұл тенденция сақтала берсе, ашық су көздерінің әлеуеті азаяры анық. Сондықтан да жерасты суларын пайдалану керек. Қазір оңтүстік облыстарда жаңбырлатып және тамшылатып суғару қолға алынған. Жергілікті бюджет есебінен лизингтік операторлар құрылып, суармалы жерлерде агрегаттар орнатылып жатыр. Шаруалар 2010 жылдан бастап тамшылап суғару қондырғыларын арзандатылған несие арқылы алып жатыр. Су ресурстарын үнемдеу бойынша халықаралық конвенцияның бар екендігін де ұмытпағанымыз абзал. Бұл ретте қалалардағы су тұтыну көлемін үнемдеу жағын да қолға алуға тиіспіз.

**– Күңгейдегі бір танысымыз былтыр жаздай маңдай терімен еккен картобын өткізе алмай, ақыры шірітіп алды. Айтуынша, өзі секілді еккен өнімдері осылай рәсуа болатындар аз емес. Ал, бұзарда осы картоптың құны осін барады. Бұзар не айтасыз?**

– Картоп бағасының 500 теңгеге дейін көтерілгені әлі есімізде. Мәселе бар. Мұның басты себебі – шаруашылықтардың көкөніс сақтау мүмкіндігінің болмауы. Температуралық режимді сақтайтын заманауи технологиялар қымбат. Оны сатып алатын мүмкіндік жоқ. Сауда министрлігінің көтерме-тарату орталықтарын құру бойынша жоспары бар. Солардың аясында салынатын инфрақұрылымдарды шаруалар кооперативтерінің басқаруына беру керек. Картоп өндірушілерде сақтау мүмкіндігі пайда болады, ал тұтынушылар үшін баға арзандайды. Сонымен қатар, облыс әкімдіктері халыққа керек өнімдердің қажеттілігін дұрыс болжап, өндіріс секторына нақты көлемдерді беруі тиіс. Картоп өндірген пайдалы екен деп көп шаруалар осы кәсіпке қарай ауып кетіп жатады. Бұл барлық өнімдерге тән құбылыс. Нәтижесінде ұсыныс көлемі сұраныстан көбейіп, сатылмай қалады. Менің ойым жоспарлы экономиканың элементтерін қайта қолданысқа енгізу емес, керісінше нарықтық заманда шаруаларға сапалы аналитикалық ақпарат беру қажет. Картоп бағасының қолжетімді болуы үшін облыс әкімдері тұрақтандыру қорларын құрған еді. Солардың жұмысының ақсап тұрғанын да ойдан шығармайық. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардағы әлеуметтік бағам берілетін өнімдердің сатып алу тәртібін жетілдіру керек.

**– Отыз жыл бойы өз өнімдіміздің болмауы мемлекеттік деңгейдегі қолдаудың жоқтығынан дегенге келіссіз бе? Бізде ішкі нарықтың сыртқы өніммен толуына билік деңгейінде мүдделілік бар сияқты.**

– Билік өз мемлекетіне қарсы ешуақытта жұмыс істемейді. Ондай ойдан арлыу керек. Импорттық тауарларға тәуелді болмас үшін Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Қарапайым заттар экономикасы» деген бағдарламаның қабылдануына жол ашты. Қажетті қаражат та беріліп жатыр. Менің ойымша осы бағдарламаны іске асыру жолдарын жетілдіру керек. Ең алдымен шағын өндірісті қолға алу үшін, халыққа жол сілтеп, идея беру маңызды.

– Субсидия тек қолдау мен реттеу мақсатында берілетін көмек. Бірақ одан экономикаға нақты пайданың да болуы шарт. 2005 жылы бюджеттен бөлінген 1 теңге дотация ел экономикасына шамамен 130 теңге кіріс әкелетін. Қазір бұл көрсеткіш 21 теңгеге дейін түсіп кеткен. Демек, 6 есе! Мұны тек бір нәрсенен түсіндіруге болады – ақша тиімсіз бағыттарға жұмсалады. Сонымен қатар, субсидиясыз күнін көре алатын алпауыт компаниялар бар. Жағдайы жақсы болса да «субсидия иньекциясына» отырып алып, мемлекеттік қолдауа шын мұқтаж шаруалардың алдын орап кетіп жатыр. Сенесіз бе, бюджеттен бөлінетін қаражаттың 10/6 бөлігі осындайлардың қалтасында қалып жатыр. Бұл әділ емес! Субсидия нақты өнім алып, 1 келі болсын, мейлі 1 тонна болсын, оны нарықта сатқандарға тиесілі болуы керек. Ал енді жалпы алатын болсақ, АӨК-ні экономиканың драйверіне айналдыру үшін өндіріс көлемін көтеру керек. Азық-түлік бағасының қолжетімділігін қамтамасыз ету маңызды. Қасым-Жомарт Кемелұлы «егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді» деді емес пе. Расында да, бірталай жыл бойы мемлекеттік органдар инфляция мен азық-түлік бағасының қарыштап өсе беруіне тосқауыл бола алмайды, үйреншікті жолмен жүре берсе, тосқауыл бола алмайды да. Нарық заманында бағаны тежеудің жалғыз жолы – затты көп өндіру, яғни ұсыныс көлемін ұлғайтып, бәсеке арқылы маржаның есепсіз өсуіне жол бермеу. Президентіміз осыны меңзеп отыр емес пе. Ал енді сол өндіріс көлемін біршама өсіру үшін не істеу керек? «Кепілдік беріп, несие ал» деген қағида Президентіміздің күтіп отырғанындай нәтиже бермесі анық. Мұндайда ауыл шаруашылығымен айналысып, азық-түлік өндірісін көбейтуге атсалысамын дейтіндердің қолына дайын құрал беру арқылы агробизнеске жұмылдыру қажет. Ол дайын объектілер лизингі, кепілсіз несиелер мен үлестік қаржыландыру. Бұл бағдарламаларды нарықтық заманда қолданып, туындайтын тәуекелдерге алаңдамай іске асыруға болады.

**– Қаңтар оқиғасынан кейін халық үкіметтің құрамынан жаңа адамдар күтті. Өкінішке орай, иенуеуіктердің көбі орнында қалды. «Болашақпен» шетелде оқып келіп жатқан қаорларымыз қайда? Олардың білімі неге елдің әлеуетін көтеруге пайдаланылмайды?**

– Біз Президентке сенеміз! Ол қаңтар оқиғасынан кейін жасаған жолдауында мемлекеттік басқару жүйесіне жастар керек, бірақ институционалды тәжірибесі бар адамдарды да ұмытпайық деп айтты. Мұнда жастардың энергиясы мен көп жыл мемлекетке қызмет еткен ел ағаларының тәжірибесінен құралған ортақ симбиоз қарастырылып отырған сияқты. Президенттің жанында жастардың кадрлық резерві жасақталды. Сайлау жүйесінде жастарға 30 пайыздық квота қарастырылған. Жақында ғана қайта құрылған үкімет қатарында жас министрлерді көрдік. Әкімдіктерде де квазимемлекеттік мекемелерде де басшылар әжеп-теуір жасарып қалды. Олардың көбі «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алғандар. Орталық атқарушы органдарда мансап баспалдағымен көтеріліп, еңбегі бағаланып жатқандарды да өз басым бірнеше рет көрдім. Айтарлықтай қозғалыс бар.


**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**  
**(Сұхбат «Заң» газетінен көшіріліп басылды)**

«Адамның көркем мінезінің айнасы сәлемдесуден айқын көрінеді. «Сәлемі түзу жігіт» деп дәріптейді ондай адамды қариялар. Дұрыс айтады. Алғашқы кездесуден-ақ көзге жылы ұшырап, көңілге шуақты ой қалдыратын адамдар болады. Өз басым Тағанбай ағаны осындай абзал адамдар санатына қосамын. Қосқанда ешқандай шүбдәсіз, қалтқысыз сеніммен қосамын.»

**Көбейсін ЕНСЕБАЕВ,**  
Қазақстан журналистер одағының мүшесі,  
Жезқазған қаласының құрметті азаматы

Тағанбай Байділдаулы Салхауов 1937 жылы Қарағанды облысы Қарсақбайға жақын жердегі Пионер ауылында дүниеге келген. Әкесі Байділда Салхауов майдан даласынан орал-

зауытында балқытушы болып еңбек етеді. Ол уақытта Қарсақбай зауытында балқытушылар Т. Смайылов, Қ. Доспанов сынды мыс бұлағын ағызған озаттар атағының дүрілдеп тұрған шағы. Тағанбай әкей де осындай алдыңғы толқын ағаларына қарап бой түзейді, шыңдалады. Қиындыққа мойымай табандылығының нәтижесінде есімі озат



# МАЙТАЛМАН МЕТАЛЛУРГ

Арқа жері – көне кен өндіру мен металлургияның отаны. Мұны қазба байлығына түрен салып, мыс балқытқан адамдардың іс-әрекеттерінен анық байқауға болады. Кешегі кеңестік кезеңде Үлкен Жезқазғанның дүрілдеп, өндірістік көрсеткіштерді жоспардан тыс орындап, ауыспалы Қызыл Туды он алты рет жеңіп алуының өзі аймақта кен өндіру, металлургия ісінің мықты дамығанының дәлелі. Ал, осы істің Қарсақбайдан бастау алғаны барша-мызға аян.

Қарсақбай – алып өндірістің ошағы. Тұңғыш қазақ мысының алынған отаны. Олай болса, Қарсақбай көне дәуірлердегі ұлы істің заңды мұрагері. Бір кездері аудан орталығы болып, металлургияның қазығы қағылған Қарсақбай зауытында мыңдаған адамның еңбекпен шындалғаны ақиқат. Мықты металлург пен байыпты байытушы да, қарапайым жұмысшы да осы қарашанырақтың өндірісінде аман алып қалған қасқа өгіздер мен қаршадай балалар ғой» деген сөзі жүрегімізді шымырлатып кетті. Тап басып, дәл айтқан екен», – деп айтады Тағанбай әкей естелігінде.

май, хабарсыз кетеді. Қарсақбайдағы №1 мектепте 7 сыныптық білім алған Тағанбай әкей оқуын кешкі мектепте жалғастырып, еңбекке ерте араласады.

«Бізге балдәурен балалық шақ болған жоқ. Ойымыз да, ойынымыз да жұмыс болды. Аналарымыз сиыр сау-са, біз бұзау бақтық. Олар егін ораса, біз масақ тердік. Қыста қора тазаладық. Бір мезгіл сабақ оқысақ, соған мээ болатынбыз. Мектепке отын дайындау да біздің мойнымызда. Жақында бір ақсақалдың естелігін оқып едім. Сол кісінің «Соғыс кезінде ауылды аман алып қалған қасқа өгіздер мен қаршадай балалар ғой» деген сөзі жүрегімізді шымырлатып кетті. Тап басып, дәл айтқан екен», – деп айтады Тағанбай әкей естелігінде.

1955 жылы 18 жасында отбасы жағдайына байланысты Қарсақбай мыс зауытына металлург болып жұмысқа қабылданады. 20 жыл Қарсақбай мыс

балқытушылар қатарына жазылды. Қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденінің иегері атанды. Зауыттың жабылуына байланысты 1975 жылы барлық жұмыскерлермен бірге Тағанбай Байділдаулы жаңадан ашылған Жезқазған мыс зауытына металлург болып ауыстырылады. Мұнда да еңбекпен шындалған ел ағасы Құрмет тақтасынан бір түспей, сол адал еңбектің үлгісін көрсетіп, тер төгеді. Осы зауытта табандылықпен 25 жыл еңбек етіп, 1994 жылы дербес зейнеткер атанады. Бар ғұмырын елінің өркендеуіне арнаған Тағанбай әкей бір салада, яғни мыс зауытында 45 жыл, 10 ай жұмыс жасаған екен. Қажырлы еңбегі, маңдай тері әрдайым үкімет тарапынан бағаланып отырды. 1978 жылы КСРО Түсті металлургия министрлігінің 9 қазандағы №134/26 қаулысына сәйкес «КСРО-ның Құрмет-

ті металлургия» атағы төсбелгісімен марапатталады. Сол жылы «Еңбекте үздік шыққаны үшін», ал 1987 жылы «Еңбек ардагері» медальдерімен марапатталды. 2013 жылы алғашқы қазақстандық мыс қорытылуына 85 жыл толуына орай «Қазақстанның алғашқы мысы» естелік төсбелгісі, 2019 жылы «Академик Қ. И. Сәтбаевтың туғанына – 120 жыл» естелік төсбелгісін иеленді. Сонымен қоса түрлі марапаттардың, зағтай, ақшалай сыйақылардың иегері, қаншама жастарды тәрбиелеп, еңбекке баулыған тәлімгер-ұстаз. Қазір қазыналы қариямыздың еңбек үрдісін шәкірттері жалғастыруда, «Ат тұяғын тай басар» демекші, солардың ішінде Тағанбай әкейдің ұлы I, II, III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісінің иегері Төлеген Салхауов та бар. Тағанбай ақсақалдың бәйбішесі Нұрилла Қалеева да зауытта 36 жыл еңбек етіп, зейнетке шыққан Батыр ана.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» демекші бүгінгі таңда Нұрилла әкей екеуі 10 бала өсіріп, одан 25 немере 5 шөбере сүйіп отырған шаттыққа толы шаңырақ. «Қуан сен, қуана бер, әкетайым, мен сенің өміріңнің жалғасымын.» деген жыр жолдары Тағанбай әкейге арналғанды.

Ендеше, біз де еңбектің нағыз үлгісін көрсеткен мыс майталманы-ардагер әкемізді 85 жас мерейтойымен құттықтап, деніне саулық, отбасына амаңдық тілейміз! Абыройыңыз асып, ел құрметіне бөлене беріңіз ардақты Тағанбай аға!

**Жанагүл ОСПАНОВА,**  
Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің құжаттарды ғылыми пайдалану, жариялау және мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің басшысы.



## КҮЙІКОВ КҮРСІНІП КЕТПЕДІ МЕ ЕКЕН?...

*немесе біздің көркемөнерге деген көзқарасымыз қандай?*

ның тумасы. Туғанынан екі қолы жоқ болса да, тағдыр тәлкегіне мойымай тісімен, бақайының көмегімен сурет салып, бойындағы талантын әлемге паш еткен Кәріпбек Күйіковтің өнеріне кім де болса тамсанып, таңданары анық. Ол сонау Ленинградтағы интернатта білім ала жүріп, талантын танытқан ол алғашында аяғының көмегімен тұллі бейнелер салған. Полигонның қасіретін көз алдына әкелетін туындылары арқылы ядролық қаруға төзуге болмайтынын Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемге танытып жүрген табандылығы көпшілікке белгілі.

Тек полигонның қасіретін көрсететін ғана емес, туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілікті оятатын туындылары да аз емес. Оның қылқаламынан шыққан шығармалары Түркия, Жапония, АҚШ, Германия сынды алпауыт мемлекеттердің көрмесіне қойылған.

Семей полигонының жабылуына 30 жыл толуына байланысты былтыр Қазақстанның бірқатар қалаларында Кәріпбек Күйіковтің көрмесі ұйымдастырылды. Бұл игі іс-шарадан Жезқазған тарихи-археологиялық музейде қалыс қалмай, ешкімнің қолдауынсыз ақ, өз қаражаттарынан қараша айында Күйіковтің көрмесін ұйымдастырды. Тұп тура 1 айға созылған көрмеге қылқалам шеберінің 24 бояуы кепеген оның ішінде пейзаж, табиғатты аялау, өмірді бағалау, ядролық қарудың зардабы сынды туындылары қойылды. Көрменің ашылу салтанатына арнайы келіп, өнер иесіне құрмет көрсеткен қала әкімі Қайрат Әбсаттаров оның ең қымбат туындысын сатып алып, музейге сыйға тартатынын тілге тиек етті. Артынан бірден болмаса да біршама уақыттан соң бұл сөзін жерге тастамады да. Іс-шараның аяғында асыға-апытыға жеткен «Қазақмыс» корпорациясының өкілі Сабыржан Тембаев та құрмет көрсетуден қалыс қалмай алпауыт қасіпорның сый-құрметін жасап, әкімнен кейінгі қымбат картина біздің қоржында деген еді, алайда әлі



күнге бұл уәденің орындалмағанын естіп отырмыз. Әрине көрмені ұйымдастырудағы басты мақсат өнер иесінің туындыларын халыққа паш ету, оның есімін елге танытып, өмір жолымен таныстырып, еңбегін дәріптеу. Алайда көзінің майын тамызып, төзімін түгесіп, бояуларын маңдай терімен еріткендей болып жүріп тамсанарлық туынды жасап шығарғанда, сол туынды халыққа ұнап, бағаланып, қолдан қолға тұрмай сұраныс туындаса қай суретшіні болмасын қуанытып, арқаландырып, шабыттың оятары сөзсіз. Өкініштісі бір айға созылған көрмеде тек бір ғана картина сатылып, бірі сұранысқа ие болғанына қарап біздің өңірге келген Күйіков күрсініп кетпеді ме деген ой келеді. Бұл ой картиналардың сапасыздығынан емес, көркемөнерге деген сұраныстың төмендігінен туғанын Жезқазғандықтар сезініп, мойындап жүр ме екен?

Музейдің берген мәліметіне көрмені мәдениет саласының мамандары, мектеп оқушылары, әлеуметтік қамсыздандыру мамандары бар барлығы 1900 тұрғын тамашалаған.

– Белсенділік танытатындар бар, бірақ, көрмеге өз еркімен қызығушылық танытып келетіндер саны аз. Көбінесе хат жазып, келіссөздер жүргізіп әрең келтіреміз. Отбасымен келіп тамашалайтын көрермен тіптен жоқтың қасы. Көрмеге кіру құны ересектер үшін – 200 теңге, балаларға – 120 теңге, – дейді музей басшысы Раушан Қапарова.

Қазақ халқы қашанда өнерді, дарынды бағалаған халық. Өзінің ерекше талантымен, туа біткен дарынымен халық аузына ілініп, атағы айға жеткендер қаншама? Әрине, оларды бұндай дәрежеге жеткізетін, өнерін бағалайтын қарапайым халық. Ал бүгінде сол халықтың көркемөнерге деген құрметі мен қызығушылығы қайда кеткен? Күйіковтің бір картинасы ең болмаса дәлізінде ілініп тұрса, кімнің туындысы дегенде аты аталып картинаның мәні, полигонның қасіреті жайлы тарих шертілер ме еді?

**Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ**



ХАТ ЖАЗДЫМ...


# ТӨБЕМІЗДЕН СҮҢГІ ТӨНІП ТҮР

ал, подъезімізде күнқағар жоқ

Құрметті редакция!

Сіздерге Жезқазған қаласы, Сәтбаев көшесі 89-үйдің екінші подъезінің тұрғындары атынан хат жолдап отырмын. Оған бірнеше жылдан бері айтылып, иешімін таппай келе жатқан мына жағдай себеп болуда.

Біздің үй қаламен құрдас десем болады. Қаладағы алғашқы салынған үйлердің бірі. Қазір шаршап тұр. Подъезге кіре берістегі күнқағардың (козерок) қашан құлағанын да білмейміз. Әйтеуір мен осы үйге көшіп келгелі күнқағар қалқансыз тұр. Оған да көндіккен едік. Алайда, қазіргідей ауа райының қолайсыз күндерінде бізге мұз сүңгілерінен (суретте) қауіп төніп тұр. Төбені жағалай қатқан сүңгі құласа біреуді майып қылуы әбден мүмкін. Ондай жағдайлар әр жерлерде болып жатыр. Әсіресе балалардан қорқамыз. Үш қабатты үйдің биіктігінен құлаған титтей мұздың өзі баланы жаракаттары сөзсіз. Ал мына жерде білектей-білектей сүңгілер салбырап, төбемізден төніп тұр. Оны қағып, тазалап отыру пәтер иелері кооперативінің міндеті. Бірақ олар бұған селкос қарауда. Айтуындай айтып, қоңырау шалып жатырмыз. Алайда еш нәтиже жоқ.



Ең бастысы, біздің подъезге күнқағар қалқан керек. Ол осындай апаттан, жауыннан қорғаныш емес пе. Қаланың тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының ба, тұрғын үй инспекциясының ба басшылары біздің осы өтінішімізге құлақ асса. Бұған дейін де айтылып келе жатқан мәселе ғой. Соның орындалуына сіздер ықпал етсеңіздер.

Ғақып ҚАЛПЕВА,  
Сәтбаев көшесі, 89-үй, 19-пәтердің тұрғыны.

Жезқазған қаласы

КӨМЕК КЕРЕК

# «ЕРТӨСТІК» ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАСА ЕКЕН

Қосқол ауылы Ұлытау ауданын айтпағанда қанаттас жатқан қос қала Жезқазған мен Сәтбаев шаһарларынан да шалғай жатқан елді мекен. Кейде соның зардабы айқын сезіліп қалады.

Шалғайдағы ауыл болсақ та біз өркениет көшінен қалып жатқанымыз жоқ. Қазір ауылдың тұрмысы қаламен теңесіп қалды. Заманауи үлгідегі үйлер салынууда. Білім беруде, мектепке дейін тәрбие беруде жақсы істер жасалынып жатыр. Әйтсе де, осы жұмыстардың жүйелі жүруіне қолбайлау болатын жайттар да жоқ емес. Мәселен, өткен жылы ауылымызда балалар бақшасы ашылды. Ауыл болып қуандық. Оған «Ертөстік» деп ат қойдық. Сол «Ертөстігіміз» ай санап өсіп келеді.

Алғашқы ашылғанда 30 бала болды. Биыл тағы он балапанның ата-анасы өтініш беріп отыр. Бірақ, бала бақшаның өсуіне мүмкіндік болмай отырған жайттар көп. Біріншіден балаларға төсек, керуеу жетіспейді. Оны алатын қаржы жоқ. Екіншіден, балаларды тамақтандыратын асханаға тамақ жеткізіп беретін мердігерлер тендерге түспей отыр. Жердің шалғайлығын желеу ететін сияқты олар. Ал, ауылдастарымызға электрондық үкіметпен жұмыс істеу қиынға түсуде. Байланыс бірде бар, бірде жоқ. Құжаттарын өткізе алмайды. Кешігіп қалады деген сияқты. Қазір тамақ-асты ата аналар өздерінің балаға төлейтін жарналарының есебінен сатып алуға мәжбүр. Мұнымен жұмыс бола ма. Осы орайда аудандық, облыстық білім бөліміндегі азаматтар бір шешім тауып, көмектессе екен деген тілегіміз бар. «Ертөстік» ескерусіз қалмаса екен.

Құлпаш МҰСАНОВА,  
Құлжапбай ҚОЖАХМЕТОВ,  
Қосқол ауылының тұрғындары.

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ..

# ӨЗІ АТҚАРМАҒАН ТҮСІНЕ БЕРМЕЙДІ ЕКЕН

Осы КСК не бітіредіге келсек, мен де бұрын ел сияқты пенденің бірімін ғой «әй, қойшы сол КСК-ны» дейтінмін. Әсіресе, қыстың көзі қырауда жылуды тоқтатып тастап тоқтап жертелде жұмыс жасап жатқандарына ыза болатынмын. «Әй, бұлар жаздай не бітіреді?» дейтінмін. Зейнеткерлікке шыққасын осы жұмысты істеп көрейінші деп тағы да артық теңге қалтаңды тесе ме «тәуекел» деп слесарь-сантехник деген мамандықты алып, мен де сол ұжымның жұмысшыларымен аралас-құралас кірісіп кеттім. Жұмысқа құлаштап кіріскесін байқасам, қызыл сиырдың құйрығының ұшы әрде екен. Мысалы, мен тұратын Сарыарқа, 2 көп қабатты 8 дәлізді үйді алайық. Осы үйдің тұрғындарының айтуы бойынша, бұл үйдің осы қалқайып тұрғанына отыз екі жыл болған. Енді өздеріңіз ойлаңыздар жер төлесіндегі су құбырының қандай жағдайда екенін. Осы кезге дейін бұл үйдің қанша КСК-дан өткені жаман-жаман су ағарларынан-ақ көрініп тұр. Сондықтан да ең әуелі су құбырларын ондап алу қажет. Бұл қыруар қаржыға келіп тіреледі. Оны әрине, сол тұрғын халық жинауы тиіс. Оған жұмыс жасаған адамдарға еңбеккақы төлеу керек. Алғысы аздау осы жұмыстағыларды талай жыл жертелде еңбек етті деп мақтап жатқан билікті тағы көргенім жоқ. Су деген жойқын күш, алдын да, артын да жуып кетеді. Бір үйдің ішінен су ақса, астыңғы қабаттың бәрін бүлдіреді. Енді бір құбырлар жертелде жарылып кетеді. Үйді толық тоқтатып, дәнекерлеп, ауыстырып шығу керек, өйткені, тез-тез жасамасаң, далада қыс мезгілі көпқабатты үйлер мұздап, тұрғындар балалар тоңып қалмасын деп тесілген жерін дәнекерлер, оны кесіп, істеп шығуы үлкен жауапкершілік, бұл түнгі сағаттарда болуы мүмкін. Не етесің, жоғарыда айтқандай шіріген құбыр қанша жылдан бері өзінің мерзімін атқарып «шықпа, жаным, шықпа» деп тұрғаны. Биліктер осы еңбектегі адамдарды күндіз-түні малмандай су болып терлеп-тепшіп жұмыс жасап жүрсе де ұмытып кетіп жатқандарына жүрегім ауырады. Халықтың барлығын жамандағым келмейді. Ішінде түсінігі мол жандар да кездеседі. Түсінбейтіндері де бар. Бірде аулада отыр едім, бір 9-10 жасар бала қалта толы қоқысты көтеріп қоқыс жәшігіне апар жатыр еді анадайдан бір әйел кісі «әй, қоқысқа апармай-ақ қой, анау орындықтың қасындағы урнаға сала сал» дегені. Менің «Бұныңыз не?» деген сұрағымға жауабы «КСК бар емес пе? Несіне ақша төлеп жатырмыз» деп қысқа ғана қайырды. Бұны естіген әлгі бала енді қоқысты қоқыс жәшігіне апармасы анық...

Быылдан бастап бір үйге бір басшы дегенге бөлінеміз деп желпініп жүргендер баршылық. Мұны да көрерміз. Менің жасым 73-те, әлі талары өзгерістер болатынына сенімдімін. Қалай болғанда да әркім өз міндетін тыңғылықты атқарса, бір-бірінің еңбегін бағаласа дұрысы сол болар еді.

К. БАЙМЫРЗАЕВ,  
қала тұрғыны

БІЗДЕН ДЕ БІР СӨЗ



# БІР ТІЛДЕ ТҮСІРСЕ БОЛМАЙ МА?

«Кино – тәрбие құралы» деген тәмсіл бар кешегі кеңес заманынан қалған. Алайда, бүгінгі режиссерлер мен сценаристер соның астарына аса мән бермейтін сияқты...

Өңгімені әріден бастайын. Қазір қай телеарнаны қоссаң да, түрік пен үнді сериалдары орын бермейді. Бірақ, бір ғажабы түк мән-мағынасы жоқ, сабындай созылған осы кинолардың да өз көрермені бар.

Ал қазақтың кино туындыларына қандай баға бере аламыз? Бізде тәрбиелік мәні зор фильмдер бар, әрине. Мысалы, Отанды сүюге шақыратын, рухынды көтеретін «Мың бала», «Қазақ хандығы», «Кейкі мерген», «Көшпенділер» сынды тамыры терең тарихты шертетін туындылар көптеп түсіріліп жатыр. Ол заңды да. Өзіміздің жерлесіміз түскен «Томирис» фильмі неге тұрады. Осындай фильмдерді әлемдік деңгейге неге шығармасқа?

Заман ағымына сәйкес түрлі жанрда түсірілген фильмдер аз емес. «Брат или брак», «Келинка тоже человек», «Гламур для дур», «Бизнес по-казахски» секілді комедия жанрындағы туындылар да өз аудиториясын қалыптастырды. Бәрі тамаша. Бірақ, әттеген-ай дегізетін жерлер де бар. Оның бәрін жіпке тізбей-ақ, бір ғана мәселеге тоқталайын.

Қазақтың көптеген фильмдерінде костюмділікке кенінен орын берілген. Әсіресе, соңғы жылдары түсірілген фильмдерде қазақ тілі мен орыс тілін араластырып, шұбар тілде әдейі сөйлейтін әдет қалыптасқандай әсер қалдырады. Егер, бір тілде, қазақ тілінде ғана түсірсе фильмнің мәні кететіндей, көңілді фильм шықпайтындай көрінетін сияқты?..

Өңгімені «Кино – тәрбие құралы» деген тәмсілмен бастап едім. Соған қайра оралайын. Иә, бұл үрдістен арылмасақ, тіліміздің тілдік қасиетін жоғымыз. Әсіресе, жастар арасында оның қадірі де кетеді. Оған дәлел әлеуметтік желіде «егер сіз ел алдында орысша дұрыс сөйлей алмайсыз деп қысылсаңыз, егер сіз тез арада орысша сөйлеуді үйренгіңіз келсе, егер сіз...» деп келетін жағымсыз жарнамалардың көбейгендігі. Киномен мырзалар, режиссерлер мен сценарий жазушылар, продюсерлер осы бір өзекті мәселеге ерекше мән берсе екен. Кешегі Шәкен ағалар бір тілде-ақ кино түсіріп, әлемге танылды, қазақты әлемге танытты емес пе!?


Нұрлат ҚОНЫСБАЙ.

Сәтбаев қаласы.

# «ҚАЗАҚМЫС» БАСШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА КӨПІР АПАТТЫ ЖАҒДАЙДА

онымен кеніштің көліктері де жүреді

Мибұлақ ауылына апаратын күре жол Сарысу өзенін кесіп өтеді. Ал осы өзенге салынған көпір қазір апатты жағдайда тұр. Ол жайында «Қазақмыс» корпорациясының басшыларына да сан мәрте айттық...



Оның үстіне «Қазақмыстың» көпірдің пайдалану мерзімін елеулі түрде қысқаруына әкеліп соғатынын да компания басшылары ескергендері жөн. Біз олардан ешқандай өтем, айыппұл сұрап отырғанымыз жоқ. Бар болғаны көпірді жөндеуге көмектессе екен деген тілек. Біздің бұл өтінішіміз «Қазақмыс» корпорациясы басшыларының құлағына жетеді деп үміттенеміз.

Бірақ, аталмыш алпауыт компания қырық сылтау айтып, көмекке келе алмай жүр. Біз үшін емес, өзінің өндіріс орны, оның жұмысшылары үшін қарайласуына болар еді. Бетін ары қылсын, көпір құлап, жүгі суға батып жатса қыруар шығын келерін ескерулері де керек сияқты. Екінші жағынан, осы көпір арқылы корпорацияның ауыр жүк көліктері де тоқтаусыз қатынап жатқанын, бұл,

Инахият ОРАЗБАЕВ,  
Мибұлақ ауылының тұрғыны.

ЖОҒАРЫҒА ЖЕТСЕ ЕКЕН...

# ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІГІН ЖАҒАРТСА

Бас ауырып, балтыр сыздай қалса ең әуелі жүзінеріміз жедел жәрдем қызметі. Көлігі жарамды болса жедел жетіп, дертіңе дауа жасап жатады. Ал, көлігі ескілері...

Бұл әсіресе ауылдықтар үшін өте маңызды. Өйткені, ауыл орталығындағыларды жаяу жүріп те аралар. Анау, шалғайдағы малшыларды қайтпек. Жаздың өзінде алыстағы малды ауылдарға барып қайту күшке түседі. Қыста тіптен қиын. Оның ішінде шаруашылығы шашыраңқы орналасқан біздің Байқоңыр өңірі үшін жылдың қай мезгілінде болмасын малшыларға дәрігерлік қызмет көрсету оңайға соқпайды. Өйткені ауылдағы жедел жәрдем көлігі ескі. Жылыда айтылып, жауыр болуға айналған мәселе бұл. Жыл сайын ауыл әкімінің есебі кезінде ауданнан келген басшыларға мұны айтып, жеткізіп жатамыз.



Алайда, денсаулық сақтау, білім бөлімі секілді мекемелер облысқа қарап кеткен. «Кісідегінің кілті аспанда» дейміз ме атам қазақ мұндайда. Соның кебі келіп тұр. Газетке жазсақ, жоғарыдағылардың құлағына жетер ме деген үмітіміз бар. Ауылдың жедел жәрдем көлігі жаңартылса екен. Бұл елдің тілегі.

Марат БЕЙХАМ,  
Байқоңыр ауылының тұрғыны.

# Мұзараф Аханұлы АХАНОВ

2022 жылдың 10 қаңтарында 88 жасқа қараған шағында Қарағанды облысының Құрметті азаматы, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, арқаның абыз ақсақалы **Мұзараф Аханұлы АХАНОВ** дүниеден озды.



Мұзараф Аханұлы Аханов 1934 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Аралтөбе ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы академик Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ тау-кен металлургия институтын 1958 жылы бітірген. Еңбек жолын Жезқазған кешенді-геологиялық барлау экспедициясында аға коллектор, инженер-геолог қызметінен бастаған. Батыс Жезқазған кенішінің бас геологы болып, жаңадан ұйымдасқан Жезқазған тресін салуға, №57, 65 шахталарды іске қосуға елеулі үлес қосты. Сәтбаев қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына оның атқару комитетінің төрағасы қызметін

Ерен еңбегі үшін ел құрметіне бөленді. 1969 жылы «Құрмет белгісі» ордені, 1978 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2014 жылы «Құрмет» орденіне ие болды. Мысты өңірдің дамуына қосқан ерен еңбегі бағаланып Сәтбаев қаласының «Құрметті азаматы», Қарағанды облысының «Құрметті азаматы» атанды. Абыз ақсақалымыз өмірінің соңына дейін өңіріміздің дамуына, келешегіне алаңдап, оның өркендеуіне бағыт бағдар беріп кетті. Елге деген жанашырлығы үнемі сезіліп тұратын. Мұзараф Аханұлы – халық есінде жақсы, абыройлы істерімен қалған асыл жан. Абыз ақсақалымыздың есімі мен ерен еңбегі біздің жүрегімізде мәңгі жазылып қалады. Артында қалған ұрпағына, мысты өңір халқына қайғыра отырып көңіл айтамыз.

**К. Әбсаттаров, А. Досанов, А. Өтебеков, А. Әділханов, Е. Есжанов, Е. Құсанов, З. Ақылбекова, Б. Төребеков, Ж. Рүстемов, Л. Ранова, М. Қазанбаев, Т. Бүкіров, С. Қожамсейітов, Б. Шыңғысов, Б. Алтынбеков.**

# ЖАН СЕРІГІМ Мұзараф АХАНҰЛЫНА

Төресі едің төрімнің,  
Қызығы едің көңілімнің.  
Қайырламай кетіп барасың  
Бұйрығы келіп өлімнің.

Өмірлік менің ақылшым,  
Ел ісі десе батыр шын.  
Тоқсан жыл тынбай айқасып,  
Дамылдап енді жатырсың.

Көрсеттің көпке үлгіңді,  
Ұл, қызың саған жүгінді.  
Тең ұстап әйел, анады,  
Бекзаттығың білінді.

Басшы да болдың жанашыл,  
Халқыңа болдың жанашыр.  
Болған соң халқың сыйлады,  
Қасиетіңнің бәрі асыл.

Халқыңның болдың сыйласы,  
Жақының болдың қимасы.  
Белгілі ғой адамның,  
Мәңгілік болып тұрмасы.

Қадамды басып асқарға,  
Пана боп жүрдің жастарға.

Үлкенді сыйлап ағалап,  
Көмек те бердің сасқанда.

Мінезі жайлы серігім,  
Болаттан да берігім.  
Отбасының ұйытқысы,  
Тәртібі түзу темірім.

Жаратқан алды асылды,  
Көңілім жасып, басылды.  
Кеткенің бе, төрем-ай,  
Бір көтермей басыңды.

Шет қалсақ та кей істен,  
Күніміз жоқты кейіскен.  
Жаратқан берсін мәңгілік,  
Тұрағыңды пейіштен.

Жайсам да құшақ айқарып,  
Жаратқан бермес қайтарып.  
Ұл менен қыздан тараған,  
Ұрпағың өссін жайқалып.

**Шабал БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ, зайыбы, «Құрмет» орденінің иегері, КСРО ағарту саласының үздігі, ардагер-ұстаз**

# СҰМ АЖАЛ ҚАЛАЙ ҚАПЫҢДЫ ТАПТЫ МҰЗАҒА-АУ

Қаралы хабар...  
Ойпырмай неткен мұңды күн,  
Қасқайып тұрып опырылып түсті-ау  
шың бүгін.

Күйікі өмір тағы жалған екенін дәлелдеп,  
Сұм ажал тағы жасады міне, сұмдығын.

Ездердің күйі үйінен қарыс ұзамау,  
Ерлердің үйі керіліп жатқан тұз анау!  
Алысқаныңды астыңа баспай қоймаушы ең,  
Сұм ажал қалай қапыңды тапты Мұзаға-ау?..

Ел ісі десе бөліңе қару байладың,  
Өзіңмен енді кенес құратын қайда күн?  
Басшысы да оның, батыры да оның сен едің,  
Күйрей де жаздап, күңіреніп қалды аймағың.

**Әнуар ОМАР, аймақтық «SARYARQA» газетінің бас редакторы.**

Етегін басса Жезқазған – Ұлытау аймағы,  
Жиғызар есін өзін едің ғой айбары.  
Қылышының жүзі, найзасының ұшы, жебесі,  
Сен едің аға намысының да қайрағы!

Атқарған ісі тұлғасын топтан даралай,  
Қия шыңдағы қасқайып тұрған қарағай.  
Осы едің сөзін тіліп те талай айтып ең,  
Кімнің де болсын қас-қабағына қарамай.

Жүйрігім едің додаға салса шаппай бер,  
Сенімін едің сертінде тұрар ақтайды ер.  
Сөзінді де аға, өзінді де аға ұмытпай,  
Жадында мәңгі ерім деп сүйген сақтайды ел!

Қоғам қайраткері, Қарағанды облысының, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, атақты геолог, абыз ақсақалымыз, ақылшымыз **Мұзараф АХАНҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты ағамыздың адал жары, ұстазымыз Шабал Бейсенбекқызына, ұрпағына, ағайын туыс-бауырларына қайғырып көңіл айтамыз. Артында айшықты ізі, айтулы сөзі қалған, бар күш-жігерін еліміздің өркендеуіне арнаған Мұзараф ағамыз бізге үлгі, өнеге бола білді. Мұзараф ағамыздың жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгілік сақталады.

**Абулайс МУЛАКОВ, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің Сәтбаев филиалының басшысы.**

«Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ Қарағанды облысының және Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы

**Мұзараф Аханұлы АХАНОВТЫҢ** дүниеден озуына байланысты «Құрмет» орденінің иегері, КСРО ағарту саласының үздігі, ардагер-ұстаз Шабал Бейсенбекқызына, сондай-ақ, отбасы мен ағайын-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

Жезқазған тарихи-археологиялық музейі ұжымы Қарағанды облысының Құрметті азаматы қаламызға танымал тұлға, **Мұзараф Аханұлы АХАНОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Абыз ақсақалымыздың жарқын бейнесі, атқарған еңбегі әрдайым жадымызда сақталмақ.

**Серік, Амантай МАМАХОВТАР** Қарағанды облысының, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы **Мұзараф Аханұлы АХАНОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыра көңіл айтады.

## ЖЕДЕЛХАТ

Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, бірқатар жоғары мемлекеттік марапаттардың иегері, адал еңбек, маңдай терімен қасиетті Қарағанды өлкесінің, сонымен бірге егемен еліміздің дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ардақты тұлға **Мұзараф Аханұлы АХАНОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыскандарына қайғыға ортақтасып, көңіл айтамын.

Мұзараф Аханұлы іскерлігімен, қайсарлығымен, қарым-қабілетімен барлық салада абыз

рольді қызмет етіп, артында із қалдырған абыз ақсақал.

Асыл ағамыздың өнегелі өмір жолы ұрпаққа үлгі болып, ақжарқын асыл бейнесі мен ізгі қасиеттері барша жақындарының жүрегінде мәңгі сақталары сөзсіз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

**Ерлан ҚОШАНОВ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы.**

Аймағымыздың абыз ақсақалы, еңбек ардагері, ел ағасы **Мұзараф Аханұлы АХАНОВ** өмірден өтті.

Мұзараф Аханұлы 1934 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Аралтөбе ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы академик Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ тау-кен металлургия институтын 1958 жылы бітірген. Еңбек жолын Жезқазған кешенді-геологиялық барлау экспедициясында аға коллектор, инженер-геолог қызметінен бастаған.

Ол Батыс Жезқазған кенішінің бас геологы болып, жаңадан ұйымдасқан Жезқазған тресін салуға, № 57, 65 шахталарды іске қосуға елеулі үлес қосты.

Мемлекеттік басқару органдарында да жемісті басшылық қызмет жасады. Сәтбаев қаласының атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған

кезеңде сол қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай еңбек сіңірді.

Зейнет демалысында болса да, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрді. Сәтбаев қаласының Ардагерлер кеңесінің төрағасы болды.

Мұзараф Аханұлы ерен еңбегі үшін ел құрметіне бөленді. Көптеген мемлекеттік наградалармен марапатталды. Сәтбаев қаласының «Құрметті азаматы», Қарағанды облысының «Құрметті азаматы» атанды. Оның өнегелі өмір жолы жас ұрпаққа үлгі болып табылады.

Мұзараф Аханұлының отбасы мен туыскандарына ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. Марқұмның топырағы торқа, иманы серік болсын. Оның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталатын болады.

**Женіс ҚАСЫМБЕК, Қарағанды облысының әкімі.**

## ЖЕДЕЛХАТ

**Мұзараф АХАНҰЛЫ** Жезқазған өндірістік аймағының дамуында көш бастаған белгілі азамат. Ол кісі шын мәнінде кісілік пен даналықтың үлгісіндей, әділдіктің таразысындай абыз ақсақалымыз болатын. Өмірден түйгені көп, өнегелі ісімен абыройға қорған, елге шын жанашыр болған ардақты ағамызды әмірі күшті ажал ортамыздан алып кетті.

Мұзараф Аханұлы Аханов 1934 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Аралтөбе ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы академик Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ тау-кен металлургия институтын 1958 жылы бітірген. Еңбек жолын Жезқазған кешенді-геологиялық барлау экспедициясында аға коллектор, инженер-геолог қызметінен бастаған. Батыс Жезқазған кенішінің бас геологы, болып, жаңадан ұйымдасқан Жезқазған тресін салуға, №57, 65 шахталарды іске қосуға елеулі үлес қосты.

Сәтбаев қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына оның атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарғанда айтарлықтай еңбек сіңірді. Қалада тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени объектілер салынып, оқу-материалдық базаларды молайтып, байланыс, денсаулық сақтау, коммуналдық қызметтер көрсету жұмыстарын нығайтты.

Ерен еңбегі үшін ел құрметіне бөленді. 1969 жылы «Құрмет белгісі» ордені, 1978 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2014 жылы «Құрмет» орденіне ие болды. Мысты өңірдің дамуына қосқан ерен еңбегі бағаланып Сәтбаев қаласының «Құрметті азаматы», Қарағанды облысының «Құрметті азаматы» атанды. Абыз ақсақалымыз өмірінің соңына дейін өңіріміздің дамуына, келешегіне алаңдап, оның өркендеуіне бағыт бағдар беріп кетті. Елге деген жанашырлығы үнемі сезіліп тұратын. Мұзараф Аханұлы – халық есінде жақсы, абыройлы істерімен қалған асыл жан. Абыз ақсақалымыздың есімі мен ерен еңбегі біздің жүрегімізде мәңгі жазылып қалады. Артында қалған ұрпағына, мысты өңір халқына қайғыра отырып көңіл айтамын.

**Қайрат ӘБСАТТАРОВ, Жезқазған қаласының әкімі.**

Мұзараф Аханұлының елге сіңірген еңбегі мен жарқын дидары әрдайым жүрегімізде сақталады.

Құрметті Шабал апамызға, артында қалған ұрпағына және аймақ жұртшылығына көңіл айтамын. Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа, иманы серік болсын.

**Қайрат БЕГИМОВ, Теміртау қаласының әкімі**

Аймағымыздың абыз ақсақалы, елге қадірлі қариямыз **Мұзараф Аханұлы АХАНОВ** дүниеден озды. Көзі тірісінде ағайынға қорған, елге шын жанашыр болған ардақты ағамызды әмірі күшті ажал ортамыздан алып кетті.

Мұзараф Аханұлы Аханов 1934 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Аралтөбе ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы академик Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ тау-кен металлургия институтын 1958 жылы бітірген. Еңбек жолын Жезқазған кешенді-геологиялық барлау экспедициясында аға коллектор, инженер-геолог қызметінен бастаған. Батыс Жезқазған кенішінің бас геологы, болып, жаңадан ұйымдасқан Жезқазған тресін салуға, №57, 65 шахталарды іске қосуға елеулі үлес қосты.

Сәтбаев қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына оның атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарғанда айтарлықтай еңбек сіңірді. Қалада тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени объектілер салынып, оқу-материалдық базаларды молайтып, байланыс, денсаулық сақтау, коммуналдық қызметтер көрсету жұмыстарын нығайтты.

Ерен еңбегі үшін ел құрметіне бөленді. 1969 жылы «Құрмет белгісі» ордені, 1978 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2014 жылы «Құрмет» орденіне ие болды. Мысты өңірдің дамуына қосқан ерен еңбегі бағаланып Сәтбаев қаласының «Құрметті азаматы», Қарағанды облысының «Құрметті азаматы» атанды. Абыз ақсақалымыз өмірінің соңына дейін өңіріміздің дамуына, келешегіне алаңдап, оның өркендеуіне бағыт бағдар беріп кетті. Елге деген жанашырлығы үнемі сезіліп тұратын. Мұзараф Аханұлы – халық есінде жақсы, абыройлы істерімен қалған асыл жан. Абыз ақсақалымыздың есімі мен ерен еңбегі біздің жүрегімізде мәңгі жазылып қалады. Артында қалған ұрпағына, мысты өңір халқына қайғыра отырып көңіл айтамын.

**Қайрат ӘБСАТТАРОВ, Жезқазған қаласының әкімі.**

Арқаның абыз ақсақалы, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, Ұлытау – Жезқазған өңірінің жанашыр қариясы **Мұзараф Аханұлы АХАНОВ** дүниеден озды.

Еңбегімен елге сыйлы болған ел азаматы өмірінің басым бөлігін өңіріміздегі кен өндірісін дамытуға арнады.

Абыз ақсақалымыз Ұлытау ауданында дүниеге келген, 1958 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтын тау-кен инженер-технологы мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолын Жезқазған кешенді-геологиялық зерттеу экспедициясында аға коллектор, инженер-геолог болып бастаған. Академик Қ. И. Сәтбаевтың бастамашы және жалпы басшылығымен Жезқазғанның полиметалл кен орындарының запастарын бас есептеу жұмыстарына қатысты.

Әр жылдары Батыс Жезқазған кенішінің бас геологының орынбасары, Жезқазған шахтапроходкалу тресінің бас геологы, трестің партия комитеті хатшысы сынды қызмет сатыларынан өтті.

1974 жылы жаңадан ұйымдастырылған Никольск (қазіргі Сәтбаев) қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Шахтапроходкалу тресінің құрылуы мен қалыптасуына, №57 және №65 гигант шахталардың пайдалануға берілуіне тікелей қатысты. Зейнет демалысында болса да, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, Сәтбаев қаласының Ардагерлер кеңесінің төрағасы болды. Марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. Мұзараф Аханұлының жарқын бейнесі біздің жадымызда мәңгі сақталады.

**Асқар ЫДЫРЫСОВ, Сәтбаев қаласының әкімі.**

# ҰЛЫТАУ СЕНІ, СЕН ҰЛЫТАУДЫ СҮЙГЕН ЖАНСЫҢ

Халқыңды қадірледің. Халқың да кимай да, кинала абызын мәңгілік сапарға шығарып салды. Өмірге келу де, кету де Алладан. Алланың бұйрығымен келген адамның қайтуы парыз. Адам – өмірге қонақ. Қонақ бола жүріп үлкен өмір жолынан өтетін абзал жандар бар. Артына ерекше із қалдырып, парасат-пайыммен өмірден өтетін. Бүгін Ұлытаудың еңесі еңкейіп, аспаны тұманданып, табиғат бір бөлек күйде болды. Ұлытау ұлы перзенті, абызын Алланың құзырына кимай шығарып салды. Мұзараф Аханұлы ұрпағы қандай сезімде екенін түсінем, мен жан жүрегім езіліп, кимастық жасы көзімнен төгілді. Өке десе өке, ата десем ата болған қайран жаны жақсылықтың бақшасы болған жақсы адамды өлімге кимадым, киналдым. Алланың ісі салауат демеі ме. Жақсы адам. Ұрпағының алдында, халқының құрметімен фәниге аттанды. Өмір аялдамасы бітті де кете берді. Артында адалдықтан өрбіген өнегелі үлкен өмір керуені қалды. Арысын, абызын жоқтап алпыс бес жылдан

астам сенімді серігі, адал жары бола білген ел анасы Шабал апамыз жоқтау айтып қала берді. «Асқар тауым, ақылшым, алтыным» деп дауыстап кимай ұрпағы қалды. «Абызым-ай» деп кимай елің тұрды.

Мұзараф ата! Сізді мен де кимадым, киналдым. Өкемдей қамқор, достай сырласатын ерекше көңіліңіз бәрінен қымбат еді. Енді мені кім іздеп, кім сырымды тындап ақылдан айтар. Ұлытаудай пана, ұлылардай дана болған абыз ата не айттайын. Алдыңыздан жарықтасын. Артыңызда қалған ұрпақтарыңызға өзіңіздей даналық пен даралық тіледім. Анамыз Шабал Бейсенбекқызына Алла қуат берсін. Ұрпағыңызға амандық берсін. Әуағыммен еліңді қорғап, тілекші болыңыз. Сіз мен үшін тірісіз. Жүрегімің тәріндесіз. Иманьңыз жолдас болсын.

**Бекзат АЛТЫНБЕКОВ, «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.**

## ДҮЙСЕНБІ 21 АҚПАН

## QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркеніеті. Д/ф. 6:25 «Másele». 7:00 «Tainsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Сарай сыры». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 14:00 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Arta». 16:05 «Дәуір даналары». Д/ф. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Сарай сыры». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Күйеу бала». Т/х. 0:20 Aqparat. 0:55 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 1:45 «Ashyq alaň».

## ХАБАР

5:00 Кино. «Последние холода». 6:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Твой, мой и наш». 12:00 «Тайны. Судьбы. Имена». Хадиса Букеева. 13:00 Т/х. «Шайқалған шаңырақ». 15:00 «Бүгін».

## СЕЙСЕНБІ 22 АҚПАН

## QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркеніеті. Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Tainsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Сарай сыры». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 14:00 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Másele». 15:55 «Біздің полиция». 16:10 «Күйеу бала». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Сарай сыры». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Күйеу бала». Т/х. 0:20 Aqparat. 0:55 «Ashyq alaň». 1:50 Футбол. УЕФА. Чемпиондар лигасы. «Вильярреал» (Испания) – «Овентус» (Италия).

## ХАБАР

5:00 Т/с. «Дело Батагамы». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Механик». 12:00 Т/х. «Бәсекес».

## СӘРСЕНБІ 23 АҚПАН

## QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркеніеті. Д/ф.6:25 Aqparat. 7:00 «Tainsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Сарай сыры». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 14:00 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Келбес». 15:40 «Қазақтар». Д/ф. 16:10 «Күйеу бала». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Сарай сыры». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Күйеу бала». Т/х. 0:20 Aqparat. 0:55 «Ashyq alaň». 1:50 Футбол. УЕФА. Чемпиондар лигасы. «Атлетико» (Испания) – «Манчестер Юнайтед» (Англия).

## ХАБАР

5:00 Т/с. «Дело Батагамы». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Союзники». 12:00 Т/х. «Бәсекес».

## БЕЙСЕНБІ 24 АҚПАН

## QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркеніеті. Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Tainsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Сарай сыры». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 14:00 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Тұлға». Д/ф. 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Күйеу бала». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:35 Футбол. УЕФА. Еуропа лигасы. «Лацио» (Италия) – «Порту» (Португалия). 1:50 Футбол. УЕФА. Еуропа лигасы. «Наполи» (Италия) – «Барселона» (Испания).

## ХАБАР

5:00 Т/с. «Дело Батагамы». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Черные воды». 12:00 Т/х. «Бәсекес».

## ЖУМА 25 АҚПАН

## QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркеніеті. Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Tainsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 14:00 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Шаншарқ». 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Күйеу бала». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:25 «Күйеу бала». Т/х. 0:15 «Parasat maidan». 0:45 Aqparat. 1:20 «Ashyq alaň». 2:10 «Теледәрігер».

## ХАБАР

5:00 Т/с. «Дело Батагамы». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Ускорение». 12:00 Т/х. «Бәсекес». 13:00 Т/х. «Тағдыр тартуы». 15:00 «Бүгін». 16:00

## СЕНБІ 26 АҚПАН

## QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркеніеті. Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Тарлұр». 7:30 «Жер бетіндегі киелі мекендер». Д/ф. 8:25 «Әйел әлемі». 9:00 «Теледәрігер». 10:00 «Дениз». Т/х. 12:00«Қайтпас кайсарлар». М/ф. 13:30 Талант Аргынғалидың концерті. 15:50 «Анамды іздеймін». К/ф. 18:00 «Дениз». Т/х 20:00 «Másele». 20:40 «Сағындырған әндер-ай». Концерт. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Qazaqstan дауысы». 1:20 «Másele». 2:00 «Дала өркеніеті. Д/ф.

## ХАБАР

5:00 Т/с. «Город особого назначения». 7:00 Т/с. «Департамент». 9:00 «Өзін-өзі тану». 9:15 «XXI ғасыр көшбасшысы». 10:00 «Сенат акасақол». 10:30 «Бір туынды тарихы». 11:00 Кино. «Менің атам Қор».

## ЖЕКСЕНБІ 27 АҚПАН

## QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркеніеті. Д/ф. 6:30 «Күміс көмей». 7:15 «Ұзақ ғұмыр құпиясы». Д/ф. 8:05 «Ақсауыт». 8:30 «Қайтпас кайсарлар». М/ф. 10:00 «Дениз». Т/х. 12:00 «Ән мен әнші». 14:00 «Суперотбасы». М/ф. 15:45 «Анамды іздеймін 2». К/ф. 17:25 «Әйел әлемі». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 «Arta». 20:50 «Жүзден жүйрік». 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Qazaqstan дауысы». 1:20 «Arta». 2:10 «Дала өркеніеті. Д/ф.

## ХАБАР

5:00 Т/с. «Город особого назначения». 7:00 Т/с. «Департамент». 9:00 «Самознание». 9:15 «Ән әлемі». 10:00 «Тайны. Судьбы. Имена». Ахмет Бай-

16:00 Т/с. «Дело Батагамы». 18:00 Мегахит. «Механик». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Д/ф. «Трагический январь. Мародеры». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келінжан 2». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Біреудің есебінен».

## АСТАНА

06:00 «Хон Гиль Дон». 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Қызым». 12:20 «Жауынгер». 13:30 «Арман. Когда ангелы спят» Х/ф. 15:30 «Аналар». 16:00 «Вопреки всему» т/с. 17:00 «Ой мен ойын». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Сарай жауһары». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 02:10 «1001 түн». 03:00 Astana times повтор. 03:50 «Біздің ауыл». 04:50 «Белгісіз жан». 05:30 «KazNet».

## КТК

07:05 «Дәу-дамайсыз?». 07:30 «Аманат», өзбек т/х. 09:20 «Астарлы ақиқат». 10:20 «Өмірдің өзі но-

13:00 Т/х. «Тағдыр тартуы». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Т/с. «Дело Батагамы». 18:00 Мегахит. «Союзники». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келінжан 2». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Біреудің есебінен».

## АСТАНА

06:00 «Хон Гиль Дон». 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Қызым». 12:20 «Қара ниет». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жемчужина дворян». 16:00 «Вопреки всему» т/с. 17:00 «Ой мен ойын». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Сарай жауһары». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 02:10 «1001 түн». 03:00 Astana times повтор. 03:50 «Айтарым бар». 04:50 «Белгісіз жан». 05:30 «KazNet».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Аманат», өзбек

13:00 Т/х. «Тағдыр тартуы». 15:00 «Бүгін». 16:00 Т/с. «Дело Батагамы». 18:00 Мегахит. «Черные воды». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келінжан 3». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Біреудің есебінен».

## АСТАНА

06:00 «Хон Гиль Дон». 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Қызым». 12:20 «Қара ниет». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жемчужина дворян». 16:00 «Вопреки всему» т/с. 17:00 «Ой мен ойын». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Сарай жауһары». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 02:10 «1001 түн». 03:00 Astana times повтор. 03:50 «Айтарым бар». 04:50 «Белгісіз жан». 05:30 «KazNet».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Аманат», өзбек

13:00 Т/х. «Тағдыр тартуы». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Т/с. «Дело Батагамы». 18:00 Мегахит. «Ускорение». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келінжан 3». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Біреудің есебінен».

## АСТАНА

06:00 «Хон Гиль Дон». 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Қызым». 12:20 «Қара ниет». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жемчужина дворян». 16:00 «Вопреки всему» т/с. 17:00 «Ой мен ойын». 18:00 «Коше-Анархия-Тәртіпсіздік». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Сарай жауһары». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 02:10 «1001 түн». 03:00 Astana times повтор. 03:50 «Айтарым бар». 04:50 «Белгісіз жан». 05:30 «KazNet».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Аманат», өзбек

Т/с. «Город особого назначения». 18:00 Мегахит. «Пешка». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келінжан 3». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Біреудің есебінен».

## АСТАНА

06:00 «Хон Гиль Дон». 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Қызым». 12:20 «Қара ниет». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жемчужина дворян». 16:00 «Вопреки всему» т/с. 17:00 «Ой мен ойын». 18:00 «Криминальный беспредел». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Сарай жауһары». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 02:10 «1001 түн». 03:00 Astana times повтор. 03:50 «Айтарым бар». 04:50 «Белгісіз жан». 05:30 «KazNet».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Аманат», өзбек

12:45 Т/х марафоны. «Келінжан 2». 16:00 Т/с. «Город особого назначения». 19:15 «Маска» 2-маусым. 21:00 «7 күн». 22:00 Национальный интерес с Ерманом Бекхожиным. 23:30 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 0:15 Әсем әуен.

## АСТАНА

06:00 «Хон Гиль Дон». 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Қызым». 12:20 «Қара ниет». 13:30 «Жұлдыздар айтысады». 18:00 «Шаншарқ». 20:00 «Астана кеші көнілді». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Ой мен ойын». 01:40 «Сүлеймен Сұлтан». 02:30 «1001 түн». 03:20 Астана кеші көнілді. 04:00 «Біздің ауыл». 04:50 «Белгісіз жан». 05:30 «KazNet».

## КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:30 «Еркіндік күні»,

тұрсынұв. 11:00 Кино. «Песнь о Маншук». 12:15 Т/х марафоны. «Келінжан 3». 14:15 «Маска» 2-маусым. 16:00 Т/с. «Город особого назначения». 18:00 Мегахит. «Паранойя». 20:00 «Хит жазамыз». 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Кино. «Последние холода». 0:30 Әсем әуен.

## АСТАНА

06:00 «Хон Гиль Дон». 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Қызым». 12:20 «Қара ниет». 13:30 «Алдараспан». 18:00 «Тараз». Х/ф. 20:00 «Астана кеші көнілді». 20:45 «Аялы алақан». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Шаншарқ». 01:40 «Сүлеймен Сұлтан». 02:30 «1001 түн». 03:20 «Астана кеші көнілді». 03:50 «Аялы алақан». 04:00 «Біздің ауыл». 04:50 «Белгісіз жан». 05:30 «KazNet».

велла», өзбек т/х. 12:00 «Счастье наполовину». 14:00 «Чума». 18:30 «Тогжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Астарлы ақиқат. Таньсысыз танылғандар?». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Бедная Саша». 23:35 «Лесник. Своя земля». 01:30 «Чума». 02:55 «Өмірдің өзі новелла», өзбек т/х. 04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуярдақ». 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Цена жизни». 12:30 «Q-елі». 13:10 «Бастық боламын». 14:10 «Серт пен сезім». 15:10 «Девушки с Макаровым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Козайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Цена жизни». 21:30 «Көрші». 22:25 «Бастық боламын». 23:25 «Козайым». 00:25 «Девушки с Макаровым». 01:25 «Гадалка». 02:00 «Q-елі». 02:30 «Тамаша 7 км». 03:20 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуярдақ».

## 7-АРНА

06:00 «Қуярдақ». 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Цена жизни». 12:30 «Q-елі». 13:10 «Бастық боламын». 14:10 «Серт пен сезім». 15:10 «Девушки с Макаровым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Козайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Цена жизни». 21:30 «Көрші». 22:25 «Бастық боламын». 23:25 «Козайым». 00:25 «Девушки с Макаровым». 01:25 «Гадалка». 02:00 «Q-елі». 02:30 «Тамаша 7 км».

## 7-АРНА

06:00 «Қуярдақ». 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Цена жизни». 12:30 «Q-елі». 13:10 «Бастық боламын». 14:10 «Серт пен сезім». 15:10 «Девушки с Макаровым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Козайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Цена жизни». 21:30 «Көрші». 22:25 «Бастық боламын». 23:25 «Козайым». 00:25 «Девушки с Макаровым». 01:25 «Гадалка». 02:00 «Q-елі». 02:30 «Тамаша 7 км».

т/х. 09.20 «Астарлы ақиқат». 10.20 «Өмірдің өзі новелла», өзбек т/х. 11.40 Новости. 12.20 «Бедная Саша». 14.20 «Лесник. Своя земля». 16.30 «Чума». 18.30 «Тогжан», т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат. Таньсысыз танылғандар?». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Бедная Саша». 23.35 «Лесник. Своя земля». 01.30 «Чума». 02.55 «Өмірдің өзі новелла», өзбек т/х. 04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуярдақ». 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Цена жизни». 12:30 «Q-елі». 13:10 «Бастық боламын». 14:10 «Серт пен сезім». 15:10 «Девушки с Макаровым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Козайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Цена жизни». 21:30 «Көрші». 22:25 «Бастық боламын». 23:25 «Козайым». 00:25 «Девушки с Макаровым». 01:25 «Гадалка». 02:00 «Q-елі». 02:30 «Тамаша 7 км».

т/х. 09.20 «Астарлы ақиқат». 10.20 «Өмірдің өзі новелла», өзбек т/х. 11.40 Новости. 12.20 «Бедная Саша». 14.20 «Лесник. Своя земля». 16.30 «Чума». 18.30 «Тогжан», т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат. Таньсысыз танылғандар?». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Бедная Саша». 23.35 «Лесник. Своя земля». 01.30 «Чума». 02.55 «Өмірдің өзі новелла», өзбек т/х. 04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуярдақ». 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Цена жизни». 12:30 «Q-елі». 13:10 «Бастық боламын». 14:10 «Серт пен сезім». 15:10 «Девушки с Макаровым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Козайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Ветреная женщина». 21:30 «Көрші». 22:25 «Бастық боламын». 23:25 «Козайым». 00:25 «Девушки с Макаровым». 01:25 «Гадалка». 02:00 «Q-елі». 02:30 «Тамаша 7 км». 03:20 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуярдақ».

т/х. 09.20 «Астарлы ақиқат». 10.20 «Өмірдің өзі новелла», өзбек т/х. 11.40 Новости. 12.20 «Бедная Саша». 14.20 «Лесник. Своя земля». 16.30 «Чума». 18.30 «Тогжан», т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат. Таньсысыз танылғандар?». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Лишний». 01.30 «Чума». 02.55 «Өмірдің өзі новелла», өзбек т/х. 04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуярдақ». 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 11:00 «Ветреная женщина». 12:30 «Q-елі». 13:10 «Бастық боламын». 14:10 «Серт пен сезім». 15:10 «Девушки с Макаровым». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Козайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Ветреная женщина». 21:30 «Көрші». 22:25 «Бастық боламын». 23:25 «Козайым». 00:25 «Девушки с Макаровым». 01:25 «Гадалка». 02:20 «Q-елі». 02:30 «Тамаша 7 км». 03:20 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуярдақ».

т/х. 08.00 «Ктк-да Кабатов». 09.20 Новости. 10.00 «Смеяться разрешается». 10.30 «Лишний». 14.30 «Махаббат пен үрей», к/ф. 16.00 «Алдараспан», театрының думанды кеші. 20.00 «Ақ мама». 21.00 «Большие новости». 22.00 «Её секрет». 01.20 «Чума». 02.00 «Махаббат пен үрей», к/ф. 03.15-04.20 «КТК-да Кабатов».

## 7-АРНА

## ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің №9 үлгілі кітапхана филиалы «Ауған ардагерлеріне тағзым» атты естелік кеңі ұйымдастырды.



Іс-шараға № 10 мектеп кітапханашысы Б. Есенбаева мен мектеп оқушылары, кітапхана оқырмандары қатысты. Кездесуге Ауған соғысының ардагерлері Бақытжан Ідірсұлұ Кенжеахметов шақырылды. Жезді ауданындағы № 5 орта мектепті 1986 жылы бітіріп Қарулы Күштер қатарына 1987 жылы 20 қарашада азаматтық борышын өтеуге аттанған Бақытжан Ідірсұлұ 3 айлық оқу-жаттығудан кейін ауылдастарымен Ауғанстан жеріндегі оқ пен оттың ортасынан бір-ақ шыққан. Бақытжан ағамыз осы Ауған соғысы жайлы өзінің естеліктерімен бөлісті. Ауған соғысының аяқталғанына 33 жыл өтседе, майдандас

достары елге оралмағанын қынжыла еске алды. Жауынгерлердің ерліктерін естерінде сақтау қасиетті борышы деп білген оқушылар қызықтырған сұрақтарын алма-кезек қойып, тұшымды жауап алды. А. Қажмағанбетова «Ауған ақиқаты» атты кітап көрмесіне шолу жасады. № 9 үлгілі кітапхана филиалының меңгерушісі Толқын Көпжасарқызы оқырмандарға ауған соғысы жайлы мәлімет беріп, интернационал-жауынгерді мерекесімен құттықтап, естелік сыйлықтарын табыстады.

**Толқын КҮЛСЕЙТОВА,**  
№ 9 үлгілі кітапхана филиалының меңгерушісі.



## ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Биылғы жыл күрделі өзгерістер легімен басталғанымен, ізгілікті істер қатарымен жалғасын табарына сенемін. Солардың бірі, биыл бүкіл қазақ тіл білімі мен әдебиетіміз үшін, жалпы барша қазақ халқы үшін айтулы қуаныш – лигвист, түркітанушы, публицист, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл.

Ол – қазақ тіл білімінің негізін салушы. Бүгінде біз қолданып отырған тілдік, әдебиеттік терминдердің барлығы дерлік Аханның зерттеулерінің нәтижесінде қалыптасып, айналымға енген. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, көшбасшы тұлға, мемлекет қайраткері, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш Орда үкіметінің мүшесі.

Оның ақындығы мен аудармашылығы бөлек бір төбе. Ойсыз, қамсыз, еш алаңсыз қалып ұйқыда жатқан туған ұлтының оянып, азат күнге қол созып, құлдық қамытынан босанып шығуы үшін халқының құлағының түбі-

не келіп ызың қаққан маса бейнесіндегі ақын образы келер күннің келбетін айқындап берді. Ол қара басының қамын, жанының амандығын ысырып тастап, ұлтының келешегі үшін айқасты. Осы жолда құрбан болды.

А. Байтұрсынұлы Қарқаралыда сабақ берді. Ол осында жүріп солақай биліктің қазақ халқына жасаған әділетсіздігіне куә болды. Бұқара қамы үшін билікке қарсы шықты. Бұл әрекетімен ол қатаң бақылауға алынып, 1909 жылдың шілдесінде темір торға тоғытылды. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы 1895 жылдан 1909 жылға дейінгі кезеңде тек оқытушылықпен ғана емес, сондай-ақ белсенді революциялық әрекеттермен де айналысады. Ол білім беру, ағарту ісі әлеуметтік жағдай өзгерген кезде ғана адамдарға пайда әкелетінін түсіндірген ағартушылардан болды. Ахмет көбінесе

жергілікті шенеуніктердің патшалық тәртіптің саясатына, озбырлығына қарсы сөйледі.

8000 таралымға дейінге жеткен «Қазақ» газетінде бас редактор бола жүріп, билік пен ашкөз, тойымсыз шенділердің саясатын сынға алды. Қудалауға ұшырауы толастамаса да, соңғы демі қалғанша ар алдында да, қазақ халқының алдында да адалдығын сақтап қалды.

Биыл ұлт ұстазының мерейтойы жоғары деңгейде атап өтілуі үшін біршама шаралар жоспары құрылып, жобалар әзірленуде. Ақынның мерейтойы мысты шаһарда да елеусіз қалмайды деген үміттеміз.

**Аяна ИЛЬЯСОВА,**  
Жезқазған технология және сервис колледжінің мұғалімі

### БӨРЕКЕЛДІ!

## ӨНЕРДІҢ ҚОС ТАРЛАНЫ

төсбелгімен марапатталды



«Өнер – ұлттың жаны» деген мағынасы терең тәмсіл бар. Өркениетті ұлт ең алыбымен, тарихымен, өнерімен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен танылып, бағаланады. Сонықтан түрлі шараларды ұйымдастырып, ұлттық өнерімізді дәріптеуде тиянақты іс тындырып жүрген өнер тарландарына қандай құрмет көрсетсе де лайықты.

Жуырда Жезді кентінің мәдениет үйінде кент әкімінің халыққа есеп беру жиыны сондай бір салтанатты шарамен басталды. Кент тұрғындары алдында халыққа мәдени, рухани қызмет көрсетіп, елдің ризашылығын алып жүрген Жезді мәдени-сауықтыру орталығының қос қызметкері өз еңбектерінің лайықты құрметіне бөленді. Аудан әкімі Советбек Медебаев мәдени сауық орталығының «Көңілашар» драма үйірмесі мен «Көркем сөз шеберлігі» мөнерлеп өлең оқу үйірмесінің жетекшісі Шахмаран Исақов пен «Жезді жұлдыздары» халықтық эн-би ансамбілінің сүйемелдеушісі Азамат Смағұловқа «Өмір-Айна» қоғамдық саяси журналы тағайындаған «Абырой» төсбелгісін салтанатты түрде табыс етті.

Марапат иелерін лайықты құрметтерімен құттықтаған аудан басшысы өнердің қос тарланына аудан мәдениетін дамыту мен ұлттық өнерімізді дәріптеуде еселі еңбек ете берулеріне тілек-тестік білдірді.

**Аманкелді АҚШАЛ,**  
Суретті түсірген автор.

## ӘСКЕРИ ОРТАДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық бұл-тек жүйені ғана емес, кез келген мемлекеттің негізін жөюіші факторлардың бірі. Егер ол күш құрылымдарына, мемлекеттік жүйенің қорғанысы болып табылатын әскери ортада тамыр жайса, онда оның зардабының қандай ауқымды болатыны туралы айтудың өзі артық.

Осы күні Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінің бастығы әділет подполковнигі Жанайдар Қайдарұлының айтуынша, жемқорлық мемлекет пен қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Бұл дертті жою барысында қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптастыруымыз керек. Ендеше, жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпараттарды дұрыс жеткізу, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына жұмыс жүргізіліп жатыр.

Әскери ортада жемқорлыққа қарсы кешенді профилактикалық жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда, әскери мекемелер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар үрдісі жылдан жылға өскен.

Ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген ғасыр індетімен күрес жүргізу әрбір азаматтың міндеті екендігін айтып өтті.

Жемқорлықтың алдын алу мақсатында Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасында «Қарулы Күштері – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі, мобильдік қосымша «askeri-senim.kz» қызмет атқарады, әскери қызметші тарапынан қандайда заңға қайшы әрекеттер орын алған жағдайда, әрбір азамат 42-20-75 телефонына кез-келген уақытта хабарласуына болады.

Тек бірлескен күш-жігерімізбен ғана біз ел Президентінің жоғары сенімін ақтаймыз және қазақстандық әскери қызметшілердің жас ұрпақ құрметпен қарайтын келбетін жасаймыз. Сөз соңында айтатыным, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға тек заңнама емес, сондай-ақ бірінші кезекте әрқайсымыздың ар-ожданымыз тұру керек.

**Шахрух НАЗАРОВ,**  
44803 әскери бөлім командирінің орынбасары

## ЖОЙЫЛСЫН ЖАЛҒЫЗ СӨЗ СОҒЫС ДЕГЕН

Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 33 жыл толуына орай өскелең ұрпақтың бойына патриоттық сезімді дарыту үшін «Ауған соғысының ардагерлері аразында» атты №1 мектеп-гимназиясының 6 «Ә» сынып оқушылары арасында Ауған соғысының ардагері Берік Арыстанбайұлы Әлібекпен кездесті.



Шара барысында оқушыларға Кеңес әскерлерінің Ауғанстанға кіру себептері туралы, соғыс барысы туралы әңгімеленді. Арнайы шақырылған ардагер ауған соғысындағы ауыртыпалықты айта отырып, оқушыларға бейбіт күннің жарығын біліп, кастерлеуге шақырды. Іс-шарада «Ауған соғысы» тақырыбындағы әскери іс-қимылдардың бірегей хроникалық түсірілімі көрсетілді. Балалар өздері дайындап барған өлеңдерін жатқа оқыды. Шара соңында

кітапханада ұйымдастырылған «Өшпес ерлікке мәңгі тағзым» атты кітап көрмесімен танысты. Балалар ауған соғысы туралы көптеген мәліметтер алып «Боздақтар мәңгі жадымызда», «Отряд Кара майора» атты кітаптарды қолдарына алып, қызыға оқып жатты.

**С. МАКАЖАНОВА,**  
Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханашысы

## МАМАНДЫҚ – ӨМІР ТАҢДАУЫ

Оқу білімсіз өнер де жоқ, қандай мамандық иесі болсаңда ең алдымен білім керек. Қоғамда өзінің орнында тауып, бір кірші болып қалу үшін де мамандықты толық игеру қажет. Мамандық – өмір таңдауы. Оны таңдау үшін бірінші әркім өзінің икемділігіне, қабілетіне, қызығушылығына қарай таңдай білуі тиіс деп ойлаймын.

Қазіргі кезде кәсіби, білікті мамандар даярлап шығару еліміздің басты мақсаттарының біріне айналды. Осы орайда мемлекет тарапынан көптеген мүмкіншіліктер жасалуда. Оның ең бастысы грант санының өсуі. 2022 жылы қазақстандық жоғарғы оқу орындарында оқуға арналған білім гранттарының саны 5 мыңға артқан. Осылайша гранттардың жалпы саны 61 мыңға дейін жетеді. Жалпы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру үшін 2025 жылға дейін білім беру гранттарының саны кезек-кезеңімен тағы да 15 мыңға артады дегенді ақпарат көздерінен оқып отырмыз.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов техникалық мамандықтарға бөлінетін грант санының қаншаға артатынын мәлімдеді. Оның айтуынша, елде техникалық мамандықтарға

бөлінетін грант саны 20 пайызға көбейеді. «Осы уақытқа дейін 60 мыңға жуық гранттың 40 пайызы техникалық мамандықтарға бейімделген болса, биыл нарық сұранысына сай гранттар үлесін көбейтеміз. Яғни аталған мамандықтарға бөлінетін грант саны 60 пайызға дейін артады», – деді министр. Асхат Аймағамбетов былтыр алдағы жылдары және алдағы уақытта педагогика, IT және техникалық бағыттағы білім салаларына грант көбірек бөлінетінін мәлімдеген болатын.

Одан бөлек, әрбір еліміздегі жоғарғы оқу орындары жас түлектерге арнап грант ұтып алу мүмкіндігі бар түрлі олимпиада, конкурстар ұйымдастыруда. Ескере кетсек, талапкер ҰБТ нәтижесі негізінде 4 білім беру бағдарламасы бойынша конкурса қатыса алады. Ал шығармашылық емтихан тапсырған жағдайда конкурста тек бір

ғана білім беру бағдарламасын таңдайды.

Сонымен қатар, өз мамандығы бойынша ақылы оқуға түскісі келетін колледж түлектерін ҰБТ дан босатты; IELTS, TOEFL халықаралық сертификаты бар талапкерлер шет тілі пәнінен босатылады және сол пәннен автоматты түрде максималды – 40 балл беріледі; Әрбір түлекке ҰБТ сертификаты мен қоса ақпараттық парақ беріледі. Онда білім беру бағдарламалар тобының тізімі, гранттар саны мен өткен жылғы конкурс нәтижелері көрсетіледі; Биылдан бастап білім беру гранттары мамандықтарға емес, білім беру бағдарламаларының топтары бойынша беріледі.

Мықты ел болу үшін сапалы мықты кадр дайындау керек. Сол үшін де мемлекетіміз жастарға өте үлкен қолдау көрсетеді. Себебі біздің басты бағытымыз айқын. Мақсатымыз – дамыған елдердің алдығын қатары болу. Менің ойымша кез келген мамандықты жүрек қалауымен таңдай білу қажет.

**Толқын АМАНТАЙ,**  
№1 мектеп 11 «Ә» сынып

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газеті өз жұмысын жаңа басшымен, жаңа сипатта жалғастыруда. Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жандандырмақпыз. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірілігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін Whatsapp әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базынасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

**Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.**

**Қадірлі оқырман!**

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басу үшін әрқайсысымыз атсалысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

**Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!**

**Whatsapp**  
**8(701)-118-88-08**